# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№21 (1024)

28.05.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti


ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

# МҮСІНДЕРГЕ ЖҰМСАЛҒАН ҚАЙРАН МИЛЛИОН

***«МЫНАЛАРЫ НЕСІ, МҰНДА НЕГЕ ОРНАТҚАН?» ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ОФСЕТ» БАСПАХАНАСЫ ҒИМАРАТЫ АЛДЫНДАҒЫ МҮСІНДЕРДІ АЛҒАШ КӨРГЕНДЕРДІҢ АЙТҚАН СӨЗІ БҰЛ. ШЫНЫНДА ДА ОЙЫН БАЛАЛАРЫ БЕЙНЕЛЕГЕН МҮСІНДІ ОСЫНДАЙ САЛМАҚТЫ МЕКЕМЕНІҢ АЛДЫНА ҚОЮДАҒЫ КӨЗДЕГЕН МАҚСАТ НЕ, ӘЛДЕ ДӘЛ ОСЫНДА ОРНАТЫЛУЫ КЕРЕК ДЕГЕН ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ МЕ?***



Коммерческое предложение

На скульптурные композиции для «устройства сквера по ул.Кабанбай батыра в г.Талдыкурган (от ул.Рустембекова (стадион Жетысу) до ул.Балпык би).»

2 штуки

Скульптурная композиция «Детство»

Та беззаботная пора нашей жизни, которая оставляет яркий след в нашей душе и закаляет нас на светлое будущее.

Высота композиции 1,6 м, материал изготовления: армированный монолит, отлив, финское покрытие по монолиту.

Цена включает изготовление, доставку, установку, монтаж на месте и составляет 3,5 млн.тенге.








Жалпы, бүгінде қаланың көркіне көрік беруде орнатылған мүсіндер туралы әңгіме көп. Олардың көпшілігі біздің елдегі мүсіндік туындылардың әмсе көңіл көншіте бермейтініне назар аудартады. Мәселен, мына мүсіндер туралы да елдің айтары аз болмады.

*«Бұл жерге орнатқан кім, өзі? Ана бірінші тұрғанының сұрқын ай. Қайық ойнаған баланың түрін келтіргісі келгенімен, егде тартқан адамның сұлбасы ғой мынау».*

*«Просто слов нет. Я напугалась».*

*«Бұл мүсіндерді балалар алаңына немесе су бұрқақтың, балабақшаның маңына қою керек еді ғой. Мұнда не үшін орнатты екен?»* деген баспахана ғимаратында орын тепкен орталықтың мұғалімдері мүсіндердің бұл жерде үйлесім тауып тұрмағанын айтады. *«Дайындыққа келетін оқушылардың: «бірінші тұрған баланың мүсіні құдды бір «к-нін» көрсетіп тұрғандай әсер береді екен» дегендеріне не дерімізді білмей қалдық. Әрине, бұл, осы мүсіндерді жасағандардың үлкен қателігі болып тұр ғой. Тәрбиелік жағынан ерсі көрін-етін мүсін деуге келіңкіремесе де, мұндай жерде тұруы көзге оғаш көрінеді екен. Сұлбасы бала болғанымен, әсіресе, біріншісінің түрі мүлдем келіңкіремейді де»* – дегендердің сөзін жоққа шығара алмайтынымыз рас-ақ.

Осы орайда мүсіндерді орнатқан «ПМК-7К» ЖШС мердігерлік ұйымының учаскелік басшысы Дмитрий Юдинге хабарласып, мән-жайды анықтадық.

*«Біз тек орындаушымыз. Ал бұған негізгі жауаптылар Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі. Бөлім басшысы Н.Әлиұлы сол жерге мүсіндерді қою керектігі туралы айтқан соң, біз барып орнаттық. Сіз сұраған мына мүсіндердің жобаға ұсыныс ретіндегі салынған эскиздерімен суреттері бар. Көремін десеңіз, көрсетейік. Тағы қайталап айтамын, мүсін дәлме-дәл суреттегідей етіп жасалған»* – деді ол.

Д.Юдиннің жанындағы Сергей есімді жігіт те қарап қалмады: *«Сіздерге ұнамаса, онда нысанды өткізген соң мен өзім арнайы келіп, алып кетемін»* деп қоқай танытқан сөзіне не дерсің?!

Орындаушылардың айтқан сөзінен соң, осы іске жауапты қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Нұрым Әлиұлына хабарластық. Бірінші күні телефон шалғанымызда ол орнатылған мүсіндерді келіп көрмегенін, оның бұдан да өзге қауырт жұмысы барын айтты. Алайда біз Нұрым мырзаға *«мәселенің мән-жайына көзжұмбайлылық танытпай, уақыт бөліп мүсіндерді көрсеңіз, сосын нақты жауабын берсеңіз»* дедік. Бұдан кейін ол келіп көретінін, хабарласатынын айтқанды. Бірақ, бөлім басшысы берген уәдесінде тұрмады.

Түске дейін күтіп тағы өзіміз хабарластық. Бұл жолы мүсіндерді орнату жобасы туралы сұрап, ала келуін өтінгенімізде тағы сол түрлі сылтауларын айтып, сытылып кетті. Мұнысымен қоймай «қазір барамын» деп ауызды құр шөппен сүрткені өзгенің емес, өз сөзін өзі аяққа басқаны деп түсіндік.

Мүсінші Тілеуберді Бинашев ағамыз бір сөзінде көшеде тұрған ескерткіштер мен мүсіндердің барлығы тапсырыспен жасалатындығын, бұл жерде шынайы талантпен бірге халтурщиктер де кездесетінін, халтурада ақша көп болатындығын, оны айыра білу керек екенін айтыпты. Сол айтқандай, мына жасалған мүсіндер де сондай бір халтурщиктердің қолынан шықпасына кім кепіл? Мемлекеттен бөлінетін миллиондарды осындай халтура істерге жұмсай берсек, онда еліміздің ертеңі не болары бір Аллаға ғана аян.

Миллион туралы сөз қозғаған себебіміз, мына мүсіндерді жасату мен оны орналастыруға кеткен қаржының қанша екенін жобаға ұсыныс ретінде салынған эскиздерді көргенде жазуына да зер салып қараған болатынбыз.

Қысқасы, «Балалық шақ» деп аталатын мүсіндік композицияға 3,5 млн. теңге жұмсалыпты. Осы соманың ішіне мүсіннің жасалуы, жеткізілуі және орнатылуы кіріктірілген. Әрине, бұл дегеніңіз аз қаржы емес. Қыруар ақшаны сарп еткенде осындай халтура істердің орын алуына неге жол беріледі? Әлде бұл істе сыбайласып жасалған жемқорлықтың ізі жатыр ма, қалай? Әйтпесе, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің басшысы басын ала қашпай, мына мүсіндерді бір көріп кетуге уақыт табар еді ғой. Бөлім басшысы реттей алмаған іске қатысты қала әкімі қандай уәж айтады?

**Сарби ӘЙТЕНОВА**

**РЕДАКЦИЯДАН: Газетіміз беттеліп жатқанда орнатылған мүсіндер алынып тасталды.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЛІМ

# ТАҒЫ БІР ОҚУ ЖЫЛЫ АЯҚТАЛДЫ

**БИЫЛ ЕЛІМІЗДЕ ОРЫН АЛҒАН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ОҚУ ЖЫЛЫ БАРЫСЫНДА ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУМЕН ҚАТАР, МЕКТЕПТЕРДЕ КЕЗЕКШІ ТОПТАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМІН АҚСАТЫП АЛМАУ ҮШІН БАРЫНША ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАНЫ БЕЛГІЛІ. ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫНА ОРАЙ СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ ШАРАСЫ МЕКТЕП БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕР ҮШІН БАРЛЫҚ САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП МЕКТЕП АУЛАСЫНДА СОҒЫЛСА, АЛ БАСҚА СЫНЫПТАР ҮШІН ОНЛАЙН ҚОШТАСУ РӘСІМІ БОЛДЫ.**



Облысымызда 17 мыңнан астам оқушы мектеп бітірсе, ҰБТ тапсыруға 13499 түлек ниет білдірген. Ұлттық бірыңғай тестілеу кезең-кезеңімен тапсырылып жатқандықтан, бүгінгі күнге дейін 7 мыңнан астам оқушы сынақтан өтіп, ең жоғары көрсеткіш 138 балды құрады. «Алтын белгіге» үміткер 1521, «Үздік аттестат» алатын 1055 түлек бар.

Сонымен қатар биыл халықаралық, республикалық, облыстық білім сайыстарында топ жарған жеткіншектер де бар. Атап айтсақ, Мәскеу облысының Королев қаласында «Адам-Жер-Ғарыш» атты балалар мен жастардың оқу және ғылыми-зерттеу жобаларының 21-ші Бүкілресейлік олимпиадасы өтіп, оған Қазақстан командасы құрамында Іле ауданынан қатысқан Камилла Асқарова және Мамырбек Дамир өздерінің зерттеу жұмыстарымен 1-орынды қанжығасына байлады. Ө.Жолдасбеков атындағы математика және механика бойынша зерттеу жобаларының XI халықаралық конкурсында математика секциясы бойынша бақ сынаған Талдықорған «Білім инновация» мамандандырылған лицей-интернатының оқушылары Заңғар Омаров пен Альтаир Жұмақанов, экономика секциясы бойынша Қарасай ауданындағы дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын әл-Фараби атындағы арнаулы гимназиясының оқушысы Әбдіраш Санжар, Талдықорған қаласындағы №20 арнаулы лицейінің шәкірті Мадина Жұрсінғалиева, Ғалым Мағжан қола медаль иеленді.

Ал, 9-11 сынып оқушылары арасында өткен республикалық III «Абайтану» олимпиадасында Талдықорған қаласындағы №24 дарынды балаларға арналған лицейдің 9-сынып оқушысы Әдемі Нүсіпова мен 10-сынып оқушысы Амина Жақсылықова II жүлделі орынды еншіледі. Бұдан басқа да білім, өнер, ғылым, спорттағы жетістіктер ауыз толырып айтарлық.

Оқу жылы аяқталса да маусым айында жазғы мектеп жұмыс істеп, білімін толықтырамын деген оқушыларды асыға күтпек.

**С. БАЗАРҚҰЛОВА.**

МЕДИЦИНА

# ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ



**Алматы облысында соңғы 10 күнде коронавирус инфекциясы анықталған жағдайлардың саны 222-ден 96-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар үш күн ішінде ауруханаға жатқызылған адам саны да азайды. Бұл туралы өңірдің бас дәрігері Өмірзақ Ниязбеков мәлімдеді.**

Эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруына әсер еткен факторлардың бірі халықты «COVID-19-ға» қарсы вакцинациялаудың қарқынды жүргізілуі себеп болып отыр.

Облыста коронавирустық инфекцияларға қарсы вакцинация жүргізу үшін 244 егу пункті, 67 мобильді бригада, 17 жылжымалы медициналық кешен тартылған. Вакцинаны сақтау үшін 153 мұздатқыш камера, 272 белсенді термоконтейнер бар, вакцинаны тасымалдау үшін тағы 80 белсенді термоконтейнер жеткізу күтілуде.

Басқарма басшысы Өмірзақ Әбілсейітұлының сөзінше, облысқа I компоненті вакцинасының 225 350 дозасы және II компоненттің 184 710 дозасы жеткізілді. Бүгінгі таңда 211 624 адам I компонентпен егілсе, 119 081 адам вакцинацияның екінші бөлігін қабылдаған. Сондай-ақ, медициналық ұйымдарда I компоненттің 14 920 дозасы және II компоненттің 65 610 дозасы бар екенін де атап өтті.

Жалпы өңірде 753 пациент ем қабылдауда. Оның ішінде 465 адам үйде оқшаулау жағдайында, 288 адам ауруханаың инфекциялық бөлімшелерінде емделуде.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

БРИФИНГ



**Жыл басынан бері 38 өрт оқиғасы тіркелді, бұл өткен жылғы өрттердің жалпы санының 12 пайызын құрайды, 1 млн. теңгеге залал келтірілді, балалар арасында өлім және ауыр жарақат болған жоқ. Бұл туралы JETISY MEDIA ақпараттық алаңында мәлім болды.**

# ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАЙЫҚ

Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелерін білу мақсатында жыл сайын нұсқаулықтар, дәрістер сондай-ақ өртке қарсы насихат жүргізіледі.

Мамандардың айтуынша жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аудару керек. Себебі, дәл осы кезеңде олар үлкендер тарапынан бақылаусыз қалып жатады.

«*Облыс аумағында қала сыртындағы 30 сауықтыру лагерін ашу жоспарлануда. Лагерь аумағында өртті болдырмау мақсатында барлық қарсы іс-шаралар, сондай-ақ балалармен профилактикалық жұмыстар жүргізілетін болады. Балалардың демалысы кезінде сауықтыру лагерлерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары жазғы каникул кезеңі аяқталғанға және 2021 жылы лагерьлер жұмысына дейін жалғасады*», – деп атап өтті ТЖД төрағасының орынбасары Игорь Жуков.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

АУДАН ТЫНЫСЫ

# ДОЛАНДА ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ

**«ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ - 2020» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША РАЙЫМБЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ДОЛАН ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ АУЫЛДЫҚ ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫ ӨТТІ. МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕНІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАРАСАЙ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ЖАНДАРБЕК ДАЛАБАЕВ ҚАТЫСТЫ.**





Дәрігерлік амбулаторияның жобалық құны - 460 млн. Бас мердігер болып «GOLDENCITI DS» ЖШС табылады. Амбулаторияның ұжымында 18 қызметкер, оның ішінде екі жалпы тәжірибе дәрігері және жеті медбике бар.

Айта кету керек, бұған дейін бұл – кішігірім фельдшерлік-акушерлік орталық (ФАП) болған. Ауыл тұрғындарына Алмалыбақ ауылындағы дәрігерлік амбулаторияға баруға тура келетін еді. Енді, елді мекендегі бес мыңға жуық ауыл тұрғыны жаңа ғимаратта медициналық көмек алатын болады.

**С. НҮСІП.**

ЕНПФ Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

5 ВОПРОСОВ

# ЕНПФ ОТВЕЧАЕТ НА АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ

**1. Читал, что будут закрываться пенсионные счета вкладчиков ЕНПФ, если не делаются отчисления? Я в данный момент безработный, значит ли это, что мой счет закроется? Куда в таком случае денутся мои накопления?**

В связи с введением 01.03.2021 г. Правил ведения учета пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов и добровольных пенсионных взносов на индивидуальных пенсионных счетах (ИПС) вкладчиков (получателей), утвержденных постановлением Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка от 12 февраля 2021 года № 27, поясняем, что закрываются ИПС вкладчиков ЕНПФ, на которых по истечении 1 (одного) месяца отсутствуют пенсионные накопления. То есть, закроются «пустые» ИПС, на которые не делаются взносы. К примеру, ранее вкладчик открыл счет, устраиваясь на работу, подал заявление на открытие счета либо заключал договор о пенсионном обеспечении, но по каким-то причинам так и не начал делать отчисления, возможно даже забыл о нем.

Здесь необходимо напомнить, что с 2019 года для открытия в ЕНПФ ИПС для учета обязательных пенсионных взносов (ОПВ) физическому лицу не нужно обращаться с заявлением, счет открывается в информационной системе ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса, идентификация физического лица осуществляется по персональным данным, указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении пенсионного взноса, а все необходимые сведения о реквизитах действующего документа и прочих реквизитах ЕНПФ получает из информационных систем государственных органов. Вкладчик считается присоединившимся к договору о пенсионном обеспечении за счет ОПВ со дня получения ЕНПФ электронного уведомления от Государственной корпорации «Правительство для граждан».

Таким образом, если на ИПС есть накопления, но он временно не пополняется, он останется в системе, на него будет продолжать начисляться инвестиционный доход. Закроются только счета без накоплений. Если человек снова устраивается на работу, либо начинает осуществлять единый совокупный платеж, то новый счет у него откроется автоматически с первой зарплаты, то есть исключается возникновение «пустых» счетов (без накоплений) для учета ОПВ, а для отчислений на новый ИПС, возможность будет всегда.

Также будут закрыты ИПС, покоторым были осуществлены выплаты и переводы всей суммы пенсионных накоплений и после осуществления выплаты либо перевода в течение одного месяца не поступали взносы.

Пока на Вашем ИПС есть хоть какая-то сумма пенсионных отчислений, Ваш счет не будет закрыт.



**2. Хотел бы перевести свои пенсионные накопления в компании, управляющие инвестиционным портфелем. Как это сделать и какую сумму я могу перевести?**

Для передачи пенсионных накоплений в доверительное управление управляющим инвестиционным портфелем (УИП) прежде всего вкладчику ЕНПФ необходимо проверить наличие на его индивидуальном пенсионном счете пенсионных накоплений, достаточных для передачи в УИП. Сделать это можно в личном кабинете на сайте enpf.kz либо в мобильном приложении ЕНПФ.

Пенсионные накопления могут быть переданы в доверительное УИП:

- в размере, не превышающем разницы между фактической суммой пенсионных накоплений вкладчика и порогом минимальной достаточности пенсионных накоплений; либо

- в размере, не превышающем остатка пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов на его ИПС, в случае наличия заключенного договора пенсионного аннуитета со страховой организацией.

После того, как вкладчик убедится в достаточности пенсионных накоплений на своем пенсионном счете, он может подать в ЕНПФ письменное заявление переводе определенной суммы накоплений УИП. Если человек заключил договор пенсионного аннуитета со страховой компанией и у него на ИПС в ЕНПФ остались накопления, он также может их доверить УИП.

Заявление может быть подано с помощью электронной цифровой подписи через личный кабинет на сайте www.enpf.kz , где есть подробная инструкция по переводу накоплений либо при личном обращении в любое региональное отделение ЕНПФ, при этом при себе необходимо иметь документ, удостоверяющий личность.



ЕНПФ осуществляет перевод части пенсионных накоплений, превышающей сумму достаточности, в доверительное управление УИП в течение 30 (тридцати) календарных дней после даты поступления заявления. Оставшаяся часть пенсионных накоплений Заявителя продолжит находиться под управлением Национального Банка Республики Казахстан.

Общий учет накоплений на индивидуальном пенсионном счете вкладчика будет вести ЕНПФ.

**3. Опасаюсь переводить свои накопления в инвеступравление частным компаниям, вдруг не оправдают доверия? Могу ли я их вернуть в ЕНПФ?**

Государственная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов в размере фактически внесенных обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных взносов с учетом уровня инфляции предусмотрена только на суммы, находящиеся под управлением Национального Банка Республики Казахстан.

УИП в случае образования отрицательной разницы между номинальной доходностью пенсионных активов, полученной УИП, и минимальным значением доходности пенсионных активов, рассчитанными в соответствии с Законом и нормативным правовым актом АРРФР, возмещает ЕНПФ данную отрицательную разницу за счет собственного капитала в порядке и сроки, установленные нормативным правовым актом АРРФР, для последующего перечисления данной суммы вкладчику, пенсионные накопления которого находились в доверительном управлении данного УИП по состоянию на конец года, предшествующего году, в котором производится возмещение. При этом, указанная сумма зачисляется на индивидуальные пенсионные счета вкладчика, открытые в ЕНПФ.

Минимальный уровень доходности будет рассчитываться из средневзвешенной доходности пенсионных активов, переданных в управление УИП, действующим на рынке. Информация о показателях минимальной доходности и средневзвешенной доходности по пенсионным активам будет ежемесячно публиковаться на официальном интернет-ресурсе Национального Банка Республики Казахстан.

Согласно Закону Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан», УИП имеют право на взимание комиссионного вознаграждения за инвестиционное управление. Предельная величина вознаграждения УИП не может превышать 7,5% от полученного инвестиционного дохода. Фактическая величина комиссионного вознаграждения будет ежегодно утверждаться органом управления УИП и может меняться не чаще одного раза в год.

Вкладчик имеет право:

- не чаще одного раза в год предоставлять заявление об изменении УИП для передачи своих пенсионных накоплений в доверительное управление от одного УИП к другому УИП;

- представить в ЕНПФ заявление на возврат пенсионных накоплений, находящихся в доверительном управлении УИП, в доверительное управление Национальному Банку (не ранее, чем через два года после первоначальной передачи пенсионных накоплений в доверительное управление УИП).

За 10 календарных дней до достижения вкладчиком пенсионного возраста, его пенсионные накопления с учетом инвестиционного дохода будут возвращены под управление Национального Банка Республики Казахстан (в случае, если они до данного срока находились в доверительном управлении УИП) и использованы для целей осуществления пенсионных выплат по графику, заключения договора пенсионного аннуитета или на иные цели, предусмотренные законодательством.

Продолжение на 10 стр.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЙЛАУ

# КЕЗ КЕЛГЕН РЕФОРМА ТӨМЕННЕН БАСТАЛУҒА ТИІСТІ

**РЕФОРМА ЖАСАУДАН ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ ЖАРЫС ӨТСЕ, ҚҰДАЙ АҚЫ ҚАЗАҚСТАН БАС БӘЙГЕНІ АЛАТЫН ШЫҒАР. БІЗДЕ ЖОҒАРЫ ЛАУАЗЫМДЫ ҚЫЗМЕТКЕ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ӘР МИНИСТР ӨЗ РЕФОРМАСЫН АЛА КЕЛЕДІ. ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ҚЫЗМЕТКЕ ҚОЛЫ ЖЕТКЕНДЕРІНЕН КЕТКЕНДЕРІ ЖЫЛДАМ БОЛҒАНДАРЫ ДА ЖЕТЕРЛІК. БІРІНІҢ РЕФОРМАСЫН ЕКІНШІСІ ТҮККЕ АЛҒЫССЫЗ ЕТІП, ЖОҚҚА ШЫҒАРЫП, ӨЗІНІҢ ЖАҢА РЕФОРМАСЫН ТЫҚПАЛАҒАНДАРДЫҢ ДА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАРЫН ХАЛЫҚ ӘЛІ ТОЛЫҚ КӨРЕ ҚОЙҒАН ЖОҚ. БЫЛЫҚ ПЕН ШЫЛЫҚҚА БАТҚАН САЛАНЫҢ БІРІ ЕҢ КӨП РЕФОРМА ЖАСАЛҒАНЫ БІЛІМ САЛАСЫ ДЕСЕК ЖАҢЫЛМАЙТЫН ШЫҒАРМЫЗ. СОТ САЛАСЫ ДА ҮЗДІКСІЗ ӨЗГЕРІС ЖАСАУШЫЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА.**



Заман ағымына қарай, жаңа жүйе халық кәдесіне асып жатса құба-құп дейсің-ау Алайда, жасалған реформа аяғына жетпей, соқырішектей түйіліп, кесіліп жатуы, мемлекеттік қызметтегі жүйесіздіктің, кландар арасындағы айдаһарлардың бір-бірімен арбасуы, жемсаулары тыйылмаған жемқорлықтың соқтасы солқылдаған сыздауықтай пісіп жетілуінен болып тұр. Бірі бастаған реформаны келесі келген министр неге жалғастырып әкетіп, кем-кетігін толықтырып отырмайды деген сауал көлденеңдей береді. 1999 жылдары республика бойынша ауыл әкімдерін сайлауға эксперимент жасалды. Халықтың тікелей таңдауы арқылы ауыл әкімдерін сайлады. Алматы облысы бойынша Қарасай ауданы, Шамалған ауылының әкімі болып Қайрат Байбақтынов отырды. Бірақ, ол нақты мерзімге сайланбады. Алты жыл ауыл әкімі болған Қайрат Байбақтынов, аудан әкімінің қызметінен соң облыстық деңгейдегі жоғарғы қызметтерді атқарды.

Тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде ауыл әкімдерінің қолы байлаулы болды. Өзіндік бюджеті жоқ аудан, қала әкімдігінің ырқында болған ауыл әкімдері жетім қозы, тас бауырдың күйін кешуде. Әлі күнге дейін аудан мен қала басшылығына жәутеңдеген ауыл әкімдерінің аты дардай болғанмен бүйірі тесік бюджеттен көсіле алмай отыр. Ол-ол ма, бірнеше жыл бұрын, ауыл әкімдері өздері шешетін шаруалар да аудан әкімдігінің құзыретіне өтіп кеткен. Мысалы, ауыл тұрғындарына үй салу үшін 10 соттық жер, ауылшаруашылығының жерлері, кіші кәсіппен айналысу үшін шағын дүкен салу үшінауданға шапқылауға тура келеді . Ауылшаруашылығымен айналысқысы келетін ауыл тұрғыны енді жер алу үшін байқауға қатысу керек болса, үй кезегінде тұру үшін ауылдың емес ауданның есебіне тіркелуі қажет. «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп жүріп, құлағынан айырылыпты» дегендей, құзыретімізді ұлғайтамыз деп жүріп, қолындағы барынан айырылған ауыл әкімдері ауыл көшесін жарықтандыру үшін 10 миллион теңге сұрап ала алмай жүргендерін айтады. Тіпті, астындағы мінген көліктері заң жүзінде жеті жылдан кейін, есептен шығарылуы тиісті болса да әлі күнге дейін жамап-жасқап мініп жүргендерін айтады. Қолындағы құзыреті шектеулі ауыл әкімдері, сонда тек елден салық жинау үшін ғана отыр ма? Ауыл көшесін жарықтандыруға, асфальттауға жылу сұрап, аудан әкімдігінің табалдырығын тоздыратын ауыл әкімдерін қайта сайлағанда не өзгереді? Олардың құзыреттілігі қаншалықты ұлғаяды? Интернеттегі ақпараттарға көз сүзсек, кеңес заманындағы ауыл советтің қайта оралатыны айтылуда. Тонның ішкі жағын айналдырып кигендей, бұл ақпарат қаншалықты рас? Советтік кезеңде тұрғындардың барлық мәселесін ауыл советі арқылы шешілетін. Бүгінгі таңда салмақты құзыреті жоқ ауыл әкімдеріне демократиялық процестер арқылы бір шама өкілеттіктер беріп, қабылданып, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы қабылданды. 2020 жылдан бастап республика бойынша, яғни 2 мың 345 ауылдық округте бюджет жүйесінің бұрын болмаған 4-ші деңгейі – ауыл бюджеті енгізілді (I – республикалық, II – облыс не мегаполис бюджеті, III – аудандық бюджет). Бұған дейін ауылдың төл бюджеті болмайтын, тек аудандық бюджет аясында қазынашылықта әр ауылға жеке шот ашатын. Төртінші бюджет толуы үшін ауылдық округтердің әкімдеріне коммуналдық меншік берілді. Сондай-ақ оларға өз бюджетін салықтар, төлемдер, айыппұлдар, ерікті алымдар, коммуналдық мүліктен түсетін кірістер, сондай-ақ жоғары тұрған бюджеттен берілетін субвенциялар есебінен қалыптастыруға мүмкіндік ұсынылған. Бұл ретте азаматтар төлейтін бірқатар салық – жер, көлік, мүлік, жеке табыс салығы және басқасы аудан және қала әкімінен алынып, ауылдық округ басшысына табысталды.

Бірақ, коммуналдық мүліктен байып кеткен ауылдарды көрмедік. Ауыл әкімдерінің айтуынша, жоспарлау төмен жақтан басталуы керек. Ақыры кеңестік кезеңдегі ауыл советтер жайлы әңгіме қозғап жатырғой. Коликтивтендіру кезінде, бар жоғы төрт-ақ кластық білімі бар небір нарқасқалар миллионер колхоз–совхоздарды қалыптастырды. Бір ғана Талдықорған өңіріндегі екі мәрте Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов басқарған ауылдан 22 социалистік еңбек ері шыққанын айтсақ та жеткілікті. Ал, капитализмге қайта көшкен дәуірде жоғары білімі жоқ, адам ауыл әкімі бола алмайды деген талап қойылды. Бұл да, орта дәрежелі білімі бар шаруаның жайын жетік білетін ауыл майталмандарының маңдайына тиген соққы болды. Жоғары білімі болмаса да, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, талай адам ауыл басшысы қызметімен қоштасты. Мақала басында айтылған 1999 жылы халық өздері қалап, сайлап алған ауыл әкімдерінің реформасы аяғына жетпей, желкесі қиылды. Енді Ұлттық экономика министрлігінің тізгінін қолына алған Әсет Ерғалиев жаңа мәртебемен «ауылсоветке» қайта ораламыз деп, қаңтар айында өңірлердің дамуы жайлы жергілікті өзін-өзі басқарудың ұзақ мерзімді жаңа тұжырымдамасын ұсынды. Жаңа реформада, 2021 жылдың II жарты жылдығынан бастап, 2025 жылға дейін 2 045 әкім қайта сайланады. Ұлттық экономика министрінің түсіндіруінше, барлық ауылдық округтерде «Кеңес» атты жаңа өкілетті орган жұмыс істей бастайды. *«Ауылдық округ әкімдерінің заңды-легитимді сайлауын өткізу және оларға дербес бюджетті беру – ауылдың әрбір тұрғынын алаңдататын жергілікті, өзекті мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын алқалы орган құрылады. Яғни, жергілікті өзін-өзі басқарудың алқалы органы – ауылдық округ кеңесі болмақ. Енді бар мәселені осы ауыл кеңесі ұйымдастырып, оған өкілетті орган (мәслихат) функциялары беріледі»,* – деп түсіндірген болатын экономика ведомствосы. Демек, ауылды жерлерде жергілікті қоғамдастықтың жиналысына кіретін ақсақалдар беделді тұлғалар депутатқа айналады. Кеңестің төл аппараты болмайды, оның қызметін жергілікті әкімшілік өз бюджетінен қамтамасыз етеді. Ерғалиевтің жобасы бойынша, құпия дауыс беру арқылы сайланатын нағыз депутаттардан айырмашылығы сол, кеңес мүшелері жергілікті тұрғындардың жиналысында қол көтеру арқылы ашық дауыс беру жолымен 3 жылға сайланбақ. Кеңес мүшесі міндетті түрде сол ауылдық округте тұруға тиіс. Кеңес мүшелерінің саны елді мекендегі халық санына байланысты болмақ. Округке кіретін әр ауылдық кеңесте өз өкілі болуы тиіс. Бұл реформаны біз сұрау салған ауыл әкімдері де қолдап отыр. Бірақ, реформаның жаңа үлгісі дегенмен кейбір элементтері президент пәрменінен аумайды. Мысалы, Президентте көңілінен шықпаса, Парламенті таратып жібере алатын құзіреті бар. Сол үрдіс ауыл кеңесіне де беріліпті. Егер сайланған ақсақалдар яғни беделді тұлғалардың іс-әрекеті ұнамаса, жергілікті қоғамдастық өз жиналысын да, кеңесті таратып жіберуге құқылы. Ауылдық округке кіретін әр ауылдық кеңесте өз өкілі болуы шарт. Мәслихат сияқты кеңестер де өз ауылдық округінде күші жүретін шешімдер мен құқықтық актілер қабылдайды. Кеңестің өкілеттігіне бюджетті, жергілікті қоғамдастықтың даму жоспарын бекіту, сондай-ақ оның орындалуын бақылау кірмек. Абаттандыру, санитария, көше саудасы, мерекелік іс-шаралар, конкурстар өткізу сияқты мәселелерді де енді кеңес реттейтін болады. Бұдан басқа, кеңес жер салығының базалық мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту; мүлік салығы бойынша салық базасын анықтау үшін аймақтарға бөлу коэфициентін белгілеу секілді салықтар мен төлемдер ставкасының көлемін реттеу бойынша құзыретке ие болмақ. «Ауыл советтің» тағы бір құзыры: әкім аппараты қызметкерлерінің жалақысын, сыйақысын да кеңес мүшелері бекітеді. Енді, кеңес мүшелерінің қадірі артып, әкім командасының айбарына айналмақ. Сондай-ақ, кеңестер жергілікті әкім аппараты көрсететін ақылы қызметтердің тарифтерін де бекітеді. Тәуелсіздік алған 30 жылда әркімге бір жәутең деп, мүсәпірдің күйін кешкен ауылдық әкімдер таратылады. Оның орнына жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі құрылмақ. Жаңа реформада, *«қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратын аудан не облыстық маңыздағы қала әкімдігі құрады, таратады»,*- деп жазылған. Тәуелсіздік алған отыз жыл ішінде қызмет атқарған ауылдық округ әкімдерінің мүмкіндіктері шектеулі болды. Олар өз округтерінде тұратын тұрғындардың қажеттілігін толық көлемде қамтамасыз ете алмады. Қаржыландырудың шектеулі болуы, штат санның лимиттелуі, өздерінен жоғары тұрған әкімдікке тым тәуелділігі олардың еркін жұмыс атқаруын тежеді. Жасыратыны жоқ, ауылдықтар ауыл әкімін көрсе «қайыршы» келе жатыр деп мазақтайтын. Ауылды көріктендіру, ауылдағы әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларға көмектесу қажет кезде сол ауылдың кәсіпкерлеріне жалынып-жалбарынып, қадірі қашқан ауыл әкімдері де бұл өзгерісті көптен күтті. Олардың айтуынша, салықтар мен түрлі алымдардан жиналатын түсім бес миллионның төңірегінде болса, жылдық бюджеттері 20 миллионның көлемінде екен. Онымен қай жыртығымызды жамаймыз. Қызметкерлердің алатын жалақысы, мекеменің коммуналдық төлемдерінен артылмайды.

Жаңа реформаның да бір қайнауы кем екенін айтушылар бар. Жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі (ЖӨБӘ) басшысын бұрынғыша әкім деп атайды және оны жергілікті тұрғындар тікелей сайлайды. Ауылдық округ әкімі болғысы келетін кандидаттардың жасы 25-тен жоғары, білімі де жоғары болуы міндетті. Үміткерлерді партиялар ұсынады және олар өзін-өзі де ұсына алады екен. Бұл бағытта қазір қызметте жүрген ауыл әкімдерінің өз айтарлары бар. Мәселен, білімі жоғары болуы керек дегенмен келіспейді. Қалталарында екі-үш жоғары дипломы бар, бірақ қолдарынан іс келмейтін, шолақ ойлайтын, практикалық тәжірбиесі жоқ небір ақсаусақтарды көрдік. Мәселе, жоғары білімде емес, тәжірибеде. Арнаулы орта біліммен ауылдың көркеюіне ат салысқан талай талапты азаматтар бар. Сондай-ақ, Үміткерлерді партиялалар ұсынатын болса, бұл да шектеудің бір түрі. Бізде айналдырған бес-алты партия бар. Оның басым бөлігі билік партиясы «НұрОтан». Ал, өзін-өзі ұсынатындар кімдер партия мүшелері ме, әлде тәуелсіз кандидаттар ма? Осы жағы айшықталмаған деседі.

**ТҮЙІН ОРНЫНА: Польша мемлекетінің тәжірбиесіне сүйенген бұл реформа, жергілікті өзін-өзі басқарудағы ауыл әкімдерін тікелей сайлау механизмін көрсетпек. Реформаның бағыт-бағдарына зер салсақ, ауыл әкімдерінің қаржылық мүмкіндіктері артып, мүліктік құқықтары кеңейіп, бюджеті арта түспек. Алайда, бастама қоғамда қызу талқыланып, сыни көзбен қарайтын сарапшылар ауыл әкімдерін сайлаудың қауіп-қатерлері де жоқ емес, трайбализм мәселесін ушығады десе, либералды көзқарастағы саясаттанушылар, керісінше демократиялық институттарды жергілікті жерлерден бастап, жоғарғы билікке дейін қалыптастыра бастау керек деген пікірде.**

**Айтақын МҰХАМАДИ**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕДИЦИНА

# КОРОНАВИРУСТЕН ӨКПЕСІ 95 ПАЙЫЗҒА ҚАБЫНҒАН ЖҮКТІ ӘЙЕЛ АМАН-ЕСЕН БОСАНДЫ

***ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНА ӨТЕ АУЫР КҮЙДЕ САНАВИАЦИЯМЕН ЖЕТКІЗІЛГЕН АЛАКӨЛДІК ЖҰЛДЫЗ НҰРҒАЛИЕВА 2021 ЖЫЛДЫҢ 9 СӘУІРДЕ АШЫЛҒАН ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ПЕРИНАТАЛДЫ ОРТАЛЫҚ БАЗАСЫНДА КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯСЫ ЖӘНЕ ПОЛИСЕГМЕНТТІ ПНЕВМОНИЯСЫ БАР ЖҮКТІ ЖӘНЕ БОСАНАТЫН ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН ИНФЕКЦИЯЛЫҚ БӨЛІМГЕ ТҮСТІ.***



Өкпесі 95 пайызға дейін қабынған жүкті әйелге дер кезінде кесір тілігі жасалып, медицина мамандарының арқасында өмірге дені сау шақалақ келді.

Отадан кейін келіншек бір ай бойы инфекциялық бөлімде, ал нәресте перинаталды орталық дәрігерлерінің қадағалауында болды.



Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Өмірзақ Ниязбековтың айтуынша, облыстық перинаталды орталықтағы коронавирустық инфекциясы және полисегментті пневмониясы бар жүкті және босанатын әйелдерге арналған инфекциялық бөлімде өз ісін жетік білетін кәсіби мамандар қамтылып, олардың жұмыс істеуіне қолайлы мүмкіндік туғызылған. Осы уақытқа дейін науқастың жағдайын облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Лейла Серікбаева жеке бақылауына алып, назарда ұстады.

Сәуір айының 27-і күні түскен Жұлдыз Нұрғалиева ақ желеңділердің үздіксіз күресі мен емінің арқасында дертінен айығып, қатарға қосылды. Ол күні кеше, мамырдың 24-і күні ауруханадан аман-есен шықты. Бір ай бойы дертімен арпалысқан ана ауруханадан шығар күні алғаш рет баласын қолына алды. Дәрігерлердің арқасында бөпесі мен өзінің аман-есен үйге шыққанына шын қуанған Жұлдыз аналық алғысын білдірді.

*– Маған екінші мәрте өмір сыйлаған барлық дәрігердің алдында басымды иемін. Олар өз ісін жетік білетін, жауапкершіліктері мол, нағыз гиппократ антына адал жандар. Облыстық аурухананың бас дәрігері Анарбек Монгол мұндағы әр науқастың жағдайы үшін алаңдап, күн-түн демей келіп, тексеріп кетіп жүргенінің өзі дертті жеңіп шығуға үлкен күш берді десем болады. Сондай-ақ, перинаталды орталықтың бас дәрігері Қанат Жұмашевқа да алғысымды білдіремін. Олар өздерінің ерекше қамқорлығы мен ақ еділ көңілдері, жұмыстарына деген адалдығы мен емі арқылы ғажайып іс атқаруда. Осындай қатерлі істе алдыңғы шепте жүрген облысымыздың реаниматолог-дәрігері Азиз Садықовқа, анестизиолог-дәрігерлер Берікжан Уәлиевке, Гүлжан Боталбаеваға, Әсет Енсинге рахметімді айтамын. Дәрігерлердің арқасында қолыма баламды алып, үйге оралудамын,* – деп ағынан жарылды ана.

**С. ӘЙТЕНОВА.**

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

# БОЛСА ҚАРЫЗ, ӨТЕУ ПАРЫЗ

***КӨПТЕГЕН АДАМ ҚАРЫЗДАН ҚҰТЫЛУ ЖОЛЫН ЕМЕС ҚАРЫЗДАН ҚАРЫЗҒА БАТУ ЖОЛЫН ІЗДЕСТІРЕДІ ЕКЕН. ЕҢ АЛДЫМЕН ҚАРЫЗЫҢЫЗДЫ ШАМАМЕН ЕМЕС НАҚТЫ БІЛУ МАҚСАТТЫНДА ҚОЙЫН ДӘПТЕРГЕ ТИЫН ҚАЛДЫРМАСТАН ТІЗБЕКТЕП ЖАЗЫП ШЫҒЫҢЫЗ. КІМНЕН ҚАШАН АЛДЫҢЫЗ, ҚАНША ҚАРАЖАТЫН ҚАЙТАРДЫҢЫЗ, ҚАНШАСЫ ҚАЛДЫ? МОЙЫНДАУ АРҚЫЛЫ СІЗ ӨЗІҢІЗДІ-ӨЗІҢІЗ ҚАМШЫЛАЙСЫЗ.***

Оңайлықпен ештеңе келмейтініне сеніңіз. Қазіргі таңда қаржылық сауаттылықтың аздығы мен тездетіп табыс табу көзін іздеушілер санының көптігіне байланысты қарыз саны өсуде. Мысалы, несие аларда қанша айға алғалы тұрғанын есептеп, пайыз мөлшеріне мән беріп тұратындар некен-саяқ. Бастысы, қанша жыл болса да, қолға ақша түссе болды, келісім шартты соңына дейін оқу былай тұрсын, басын оқымай қолтаңбамызды қоя саламыз. Несие алғанда мынаны естен шығармаңыз, ол тегін келіп жатқан дүние емес. Оны қайтарасыз, қайтарғанда пайыздық үстемемен қосып қайтаратыныңызды ұмытпаған жөн. Сонымен қатар ұялы телефоныңыздағы хабарламалар арасында орын алып, елді шулатып жүрген мына жағдайға тіпті сенбеңіз. «2000 теңге берესіз, артыңыздан 2 адам кіргізесіз сөйтіп, 15000 теңге тұратын көрпеге ие боласыз.» деген жұмысқа тарту мәтіні ғаламторды шарлап жүр. Көбі сеніп, қаражаттарын осы мәтінді құрастырып, өзінің алаяқтығын жүзеге асырып отырғандарға жұмсап жатыр. Қысқасы, инстаграм болсын басқа да сайттардан болсын келген хабарламаға сенбеңіз.

Қазіргі таңда, ел аузынан түспей келе жатқан әңгіменің бірі «миллионмен декретке шығу». Қазіргі жас аналар ойланбай келісім берері сөзсіз. Кәсібі болсын болмасын, дербес кәсіпкерлікті ашып алады немесе басқа адамның кәсіпорнына тіркеліп, зейнетақыға және әлеуметтік қорға аударым жібере салады. Өтіп кеткен айларға ақша жіберіп, босануға дейін алатын соманы әдейі көбейтіп алғаны үшін Қылмыстық кодекстің 190-бабы («Алаяқтық») бойынша жауапкершілікке тартылатынын ойламайды, басты назарда «1 миллион теңге». Кәсібіңіз болса, дөңгелетіп миллион алыңыз. Кәсібіңіз болмаса, ай сайын қаражат құйып, мемлекетті алдаудың қажеті жоқ. 1 миллион теңгеге қол жеткізу үшін, ай сайын 43065 теңге салу үшін қиын дүние. Соны салу үшін де сіз қарыз деген нәрсеге жолауыңыз мүмкін. Бүгінгі оңай жолмен тапқан «1 миллион» теңгеңіз, ертең үлкен шығынға әкелуі мүмкін екенін ұмытпаңыз. Тағы да қайталаймын сұрауы бар заманда тегін нәрсе жоқ.

Егер сіздің қарызыңыз көп болса бір жұмыс аздық етеді. Қарыздан құтылуға ниеттенсеңіз, жолдарын табасыз. Үнемшілдік, қанағаттышылдықты жолсерік етіп алыңыз.

Қарыз сұраушыларыңыздың хабарламасына жауап беріп, барлық қарызды қайтара алмасаңыз бөліп қайтару туралы келісімге келіңіз.

Несиеңіз бар болған жағдайда, айына 65000 теңге салатын болсаңыз, шамаңыз келгенше артығымен салуды мақсат етіңіз.

Дүкенге барған кезде керек заттарыңыздың тізімін жазып шығыңыз. Сол тізімнен артық нәрселерге қызығушылық танытпаңыз. Себебі, сіз қарызыңыздан құтылу үшін көп нәрседен бас тартуды ойлаңыз. Ешкімге қарыз болмай, тыныш ұйықтайтын күндерге асығыңыз. Сіз біреудің еңбекпен тапқан табысын қолдандыңыз, енді оны қайтармау әділетсіздік.

Қарызға итермелейтін жайттарды туралы қаржыгер Гүлмира Қарасайқызы өзінің жазбасында былай депті: *«Біріншіден, «жұрт не айтады?» деген ойдан бас тарту керек. «Жұрттан ұят болады» деген нәрсе сізге қарызға апаратын жолды көрсетеді. Екіншіден, «өзгеде бар, менде жоқ». Міне, осы талап үлкен шығынға ұшырату мүмкін. Анада айфон 11 маркасы бар ал менде айфон 6 маркалы телефон. Маған лезде телефон ауыстыру керек. Сіз шығынға бату көрсеткішін көрсетуге үлес қостыңыз. Үшіншіден, санаңызда сіңіп қалған «қатардан қалмау». Сіздің қалтаңыз көтере ме, көтермей ме? Маңызды емес. Шетелге саяхат жасау, тойға лимузин жалдау сияқты дүниелер легіне жол ашып, өз өмірің үшін емес қарызды өтеу үшін өмір сүруге көшетін хәлге жетесіз. Қарызды болуыңызға ешкім кінәлі емес. Өзіңіз кінәлісіз. Сондықтан қаржылық сауаттылықты кеңейтіп, қарыздан құтылу жолын іздестірген жөн».*

Қалай десек те, қаржылық сауаттылықтың аздығынан қарызға батып жататынымыз белгілі. Алайда, қарыз алатын дәрежені емес қарыз беретін дәрежеге жетуге талпыну шарт. Жоғарыда айтылған әрбір сөзді оқып қана қоймай, қойын дәптер алып түртіп, әрекет жасасаңыз, бір кәдеңізге жарайтыны сөзсіз. Бастысы – ниет болуы тиіс.

**А.ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МҰХТАР АРЫН – 85

# ЕЛДІҢ ЗИЯЛЫ АЗАМАТЫ

**_ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӘДЕБИЕТІНДЕ ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР БЕЛГІЛІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ӘРІ ҒАЛЫМ, АҒАРТУШЫ ҰСТАЗ МҰХТАР АРЫННЫҢ ТУҒАНЫНА БИЫЛ 85 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ПЕДАГОГ-ҒАЛЫМНЫҢ ІСТЕРІ МЕН ӨНЕГЕСІН ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ ЕТУ БІЗДІҢ ЛИЦЕЙІМІЗДЕ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН. ӨЙТКЕНІ МҰХТАР АТАМЫЗ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ӨНЕРЛІ, ӨНЕГЕЛІ, БІЛІМДІ, ТӘРБИЕЛІ АЗАМАТ БОЛҒАНДЫҒЫН ҚАЛАДЫ, САНАЛЫ ӨМІРІН СОЛ ЖАСТАРДЫ ПАРАСАТТЫЛЫҚҚА, АДАМГЕРШІЛІККЕ БАУЛУҒА АРНАДЫ._**



Ол жер жәннаты – Жетісу өңірінің төл перзенті. Бұрынғы Талдықорған облысы Ақсу ауданында 1936 жылы 20 мамырда дүниеге келген. Әкесі Арын Дәуренбекұлы өз өлкесінде оқу-ағарту жүйесін ұйымдастырып, алғашқы басшы болған 37-нің нәубетіне ілігеді, анасы Қанипа белгілі Сыйқымбай қажының немересі, өмірдің тәлкегіне қарамастан қызы Күлпаш пен ұлы Мұхтар Арынға жақсы тәрбие беріп, өзгелерге өзін сыйлата білді. 1953 жылы орта мектепті «үздік» бітіріп, 1957 жылы Алматы шет тілдер институтын «үздік» аяқтағаннан кейін, осы ұжымда қызметке қалдырылып, еңбек жолын бастаған болатын. Алғашында оқытушы, одан кейін филология ғылымының кандидаты атағына ойдағыдай диссертация қорғап, Алматы қаласында шетел тілдері институтында тұңғыш ашылған неміс тілі грамматикасы кафедрасының меңгерушісі болды. 1974 жылдан 1981 жылға дейін Мұхтар Ғалиұлы Абай атындағы Қазақ педагогика институтында проректор қызметін атқарса, 1981 жылдан 1983 жылға дейін Қазақ ССР Білім беру министрлігінде педагогикалық жоғары оқу орындары бөлімін басқарды.

1983 жылдың шілде айында Мұхтар Ғалиұлы Арын Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогика институтының ректорлығына жіберіліп, өмірінің соңына дейін осы қызметті үлкен абыроймен атқарып өтті. Ақтөбе жеріне қызметке келген кезден бастап өз жұмысымен ғана шектеліп қалмай, өңірде қазақ тілінің көсегесін көгертуге күш салды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жаппай жабылып қалған қазақ мектептерінің қайта ашылуына, жерсу атауларының қазақша аталуына, тарих қойнауында қалған арыстар мен абыздардың еңбектерін зерттеп, оны жарыққа шығаруда қыруар шаруа тындырған адам. Мұхтар Арынның қазақтан шыққан тұңғыш лингвист ғалым Құдайберген Жұбановтың есімін педагогикалық институтқа беру туралы ұсынысы да жүзеге асты. Халық аманатын арқалап сол жерден қалалық, облыстық мәслихаттың және мемлекеттігіміздің, тәуелсіздігіміздің тағдырын шешкен Жоғарғы Кеңестің 12-шақырылымының депутаты болып сайланды. Еліміздің келешегінің негізін қалаған «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік декларациясы», Қазақстан Республикасының «Ата заңы», Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы зандарыны» жазылуы мен қабылдануына белсенді күш салды. Білімге қатысты Заң жобаларының өмірге келуіне, олардың халыққа қалтқысыз қызмет етуіне қатысқан ел қалаулысы болды. 1986 жылы «Неміс тілінің грамматикасы, Морфология» оқулығын шығарып, «Неміс тілінің синтаксисі» оқулығының екінші бөлімін даярлау үстінде болған. 1988 жылы ғалымға профессор деген ғылыми атақ берілген. Қазақстанда тұңғыш рет неміс тілінің профессоры атағын алудың өзі ізбасар шәкірттеріне жол салған үлгісін, әрі мәртебесін танытады. Алғаш құрылған күннен бастап, соңғы демі біткенше Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының» облыстық ұйымын басқарды. «Тәрбие деген тәңір бар» деген ойының түсіндірмесі «Бес анық» еңбегінде анықталғандығы айқын көрініс беруде:«Нағыз қазақ бес тірегін білуі керек. Олар – тілі, діні, тарихы, дәстүрі, атамекені. Тіл – қазақтың діңгегі, елім тілін жоғалтса, түбінен шайқалғаны, исламнан қиыс тартса, ол – қазақтың азғаны. Өткенін білмеген алға баспас, дәстүрін ұмытқан ел оңбас»,- деп жазып, «бес анықты» бес саусақтай жаттатып берді.

Мұхтар Ғалиұлы 1995 жылдың қыркүйегінде Абай еліне экспедициямен сапарға шығады, өкінішке орай, жолда Әйтеке би ауданы «Жабасақ» ауылында жүрек талмасынан мәңгілікке көз жұмды. Бірақ оның бастап кеткен ісі өмір көшімен алға жылжып, жалғасын табуда. Ел-жұрты бүгінде Мұхтар Ғалиұлын ерекше қадірлеп, мақтан тұтады. Профессордың соңына қалдырған лингвистикалық зерттеулері, алпыстан астам ғылыми еңбектері, оқулықтары, оқу құралдары, философиялық мақалалары көзі тірісінде жоғары бағаланса, әлі де мән-мағынасын жоғалтпағандығы сөзсіз. Әсіресе, ғалымның ұзақ жыл көз майын тауысып зерттеген, зерделеген кітабы - «Неміс тілі грамматикасы» бұрынғы Одақ көлеміндегі шет тілдері мамандары арасында ерекше ауызға алынатын: профессор Мұхтар Арын Германияның Берлин университеті мен Австрияның Вена университетінің (шақырылған) профессоры болатын. Сонымен қатар, Стамбұл мен Каир, Александр (Мысыр) мен Бонн университеттерінің мінберлерінде неміс тілінде дәріс оқып, баяндама жасаған санаулы қазақ ғалымдарының бірі еді. Ұлтжанды Азамат бар ғұмырын, істеріне қарап көңіл толатындай, жастарды тәрбиелеуге арнаған.

Бүгінгі күнде Мұхтар Арын атамыздың аты мектептерге, қала, ауыл көшелеріне берілуде. Ақтөбеде тұрған үйде есерткіш тақта ілінген. Туып-өскен жері Бақалы ауылынның орталық көшедегі Мәдениет үйінің алдында ғалымның мүсіні орнатылды. Әріптестерінің, қазақ халқының белгілі азаматтарының, қоғам қайраткерлерінің есінде ізгі істерімен, ғибраты мол ой-толғамадарымен есте қалған ұлағатты ұстаздың еліміздің рухани болмысында алған орны ерекше екендігі сөзсіз. Біздің лицейіміздің де оқушылары, ұстаздары ғалымның атағын мақтан тұтады. Мұхтар атамыздың «Бес анық» кітабы лицейдің тәрбие жұмысында басшылыққа алар басты құрал. Мектептегі тәрбие сағаттары, конференция, кездесулер осы кітаптағы айтылған тұжырымдарға қарай жоспарланып өткізіледі. Әр оқу жылының соңында ең үздік, белсенді оқушыларға арнайы тағайындалған Арын стипендиясы тапсырылады.

Мұхтар Ғалиұлы Арын: *«Адам баласы бұл дүниеден кеткеннен кейін із-түзсіз болып қалса, үлкен бақытсыздық. Бақыттылық дегеніміз сол – адам баласының фәниден өткенен кейін өзінің жанын ғана алып кетпей артына мол мұра қалдырып, мәңгілік жасауына мүмкіндігі бар»,* – деген екен. Ендеше сол мүмкіндік Мұхтар Арынға толығымен берілгендігінің куәгері біз екенбіз, өйткені ғалымның қалдырған ғылыми мұраларына ие болып, содан тәлім-тәрбие алып отырмыз.

**Мұхтар Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын арнаулы лицейінің ұжымы.**

ЗАҢ АЯСЫНДА

# ҚР ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК – ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ

Жеке азаматтардың құқығын қорғауға жол ашатын, әурешілігін азайтып, сенімін көбейтетін бұл құжат қазақстандық заңнамалардың сапалық жақтан өсуіне, құқық үстемдігін нығайтуға серпін беруде. Мәселен, құжат жобасы әкімшілік органды мемлекеттік мекеме ретінде қабылдайтын таптаурын түсінікті жойып, оның нақты сипатын айқындайды. Бұл осылай деп тек мемлекеттік органды ғана емес, басқа да ұйымдарды, тіпті заң жүзінде жария міндетті атқару мен тиісті актілерді қабылдауға құзыретті тұлағаларды да тануға жол ашады. Әкімшілік актілерді қолайлы және ауыртпалықты деп саралау. Бұл қолайлы актілерді қабылдауда әкімшілік рәсімдерді оңтайландыруға, сонымен қатар ауыртпалықты актілерді қабылдауда құқықтық кепілдіктерді күшейтуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде тұлғаның әкімшілік органдармен өзара байланыстағы мәртебесі, оның рәсімге қатысу құқығы, өз ұстанымын баяндауы, актіні қабылдағанға дейін қосымша материалдарды ұсынуы айқындалып отыр. Бастысы жоба бұған дейін болмаған бастамашылықтың, әкімшілік актіні қарап, қабылдаудың бірыңғай нақты рәсімін бекітеді. Құжатта әкімшілік үрдістегі таптаурын рәсімдерді жойып, азаматтық үрдіске қажетті бірақ тиімділігі аз институттар мен тетіктерден бас тартты.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің елеулі өзгерістерінің бірі – талаптардың түрлеріне қатысты. Талап түрлерінің нақты айқындалуы – Кодекс жобасындағы маңызды жаңалықтардың бірі деуге болады. Ұсынылып отырған өлшемдерге сәйкес олар таласу, мәжбүрлеу, әрекетті жасау, мойындау болып төрт түрге бөлінеді. Талаптар сипаты қалаған сот шешіміне сәйкес осы жүйелік классификация бойынша жіктеледі. Бұл ретте азаматтық процеске қарағанда, талаптың ұйғарымдылығы, тексеру көлемі, оның іс бойынша өтуі талаптың нақты түрін таңдауға байланысты екенін ескерген жөн. Талаптың классикалық түрі әкімшілік актіні жоюға бағытталған таласу талабы. Мұндай талап бойынша талапкер өзінің құқы мен заңды мүддесі бұзылғанын дәлелдеу керек. Талап қанағаттандырылған жағдайда сот әкімшілік актіні толықтай немесе оның қандай да бір бөлігін жояды. Осылайша соттың шешімі тікелей құқықтық жағдайды өзгертеді. Мұнда шешімді қосымша орындау қажет емес. Мәжбүрлеу туралы талап бойынша талапкер әкімшілік органның өзіне қатысты қабылдаудан бас тартқан қолайлы актіні немесе әкімшілік органның әрекетсіздігі салдарынан қабылданбаған осындай құжатты қабылдауға мәжбүрлеуді көздейді. Мұндай өтініш сонымен қатар өзіне қатысты ауыртпалықты әкімшілік актіні қабылдамау туралы мазмұнда болуы мүмкін. Таласу туралы талапқа қарағанда сот әкімшілік акт шығармайтындықтан оның шешімі құқықтық жағдайды өзгертпейді.



Сондықтан сот әкімшілік органды талапкер қалаған әкімшілік актіні қабылдауға міндеттейді. Әрекет жасау талабы бойынша талапкер жауапкерден белгілі әрекетті жасауды немесе одан тартынуды талап ете алады. Бұл талаптың әкімшілік актіге қатысы жоқ. Мойындау туралы талапта талапкер қандай да бір құқықтық қатынастың бар немесе жоқ екендігін мойындатуды көздейді. Құқықтық қатынасты мойындау туралы талап біріншіден, тек талапкердің экономикалық және моральдық қызығушылығы болса, екіншіден, басқа талаптардың ешқайсысы мәселені шешуге сай келмегенде ғана ұйғарылады.

**Жандос ӘСЕМБАЙ,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің Әкімшілік басқармасының бас маманы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

*Жалғасы. Басы өткен санда*

# ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

Бүкіл Еуразия даласын көктей өткен Ұлы Жібек жолының құрылуы көшпенділер мен егіншілер арасындағы экономикалық байланыстардың қан-шалықты жемісті болғанын көрсетеді. Оның барысында мал, нан, жүн, былғары қолөнер бұйымдар саудасы белсенді жүзеге асты. Оның жанында бір халықтың өкілдері малшылықпен де, егіншілікпен де айналысты немесе егіншілік немесе шаруашылығының өнімдерімен аумақты көлемде ауысқанда (саудаласқанда) іргелес-елдермен керуен саудасы іске асырылды. Қалалар егіншілік аймақтармен шектес далаларда да, сондай-ақ даланың терең ішкі аймақтарында да бой көтерді. Оның бір мысалы Сарыарқаға тереңдей орналасқан Саудакент қаласы сауданың кеңі болды. Дала мен егінші аймақтардың шекарасында Мерке, Құлан, Ақтөбе, Жуантөбе, Аспара, Нұзкет, Суяб, Сарығ қаласы пайда болды. Ұлы Жібек жолының керуен жолдарында Тараз, Отырар (Құйрық төбе және Баба ата) және Исфиджаб (Сайрам), Іле атырабында Талхиз (Талғар), Екі-Оғыз және Қаялық бой көтерді. Тұрғындардың отырықшы компонентін әсіресе қала тұрғындарын үйсіндер мен қаңлылар құрады.

М.Орынбеков пайымдағандай, «мемлекеттілігі әлсіз болған сайын табиғи ортаның этникалық қауымдастыққа зор ықпал ететіні белгілі. Ал мемлекеттіліктің қазақтың көне және соңғы тарихында әлсіз болғаны белгілі. Табиғат әрқашан Қазақстан тұрғындары үшін абсолюттік және ерекше рөл атқарды. Ол өзінде дербес жаратушы, тіршіліктің иманенттік себептері мен факторларының белсенділік пен эволюция негіздерінің иегері болды. Адамдарға алғашында табиғат заңдылықтарына мойынсұнуға қалтықсыз бағыну ғана қалды».

Көне және архаикалық заман адамдарды күн сайын рудың немесе тайпаның дүниетанымдық пиғылына адалдығын әйгілеп отыруға мәжбүр етті. Өйткені, ауыр және қатаң тіршілік жағдайы руластардың әлеуметтік бағдар мен салттардан бұлтаруына жол бермеді. Әйтпесе, оларға рудан аластау, яғни мұның нәтижесі көбінше өлімге әкелетін жазаға ұшырауы еді. Әлемді сезіну айқындала түсті. Әлемді түсіну айқын әрекеттерге итермеледі. Дүниетаным шарттылығы шынайы айқын болды. Табиғат (жаратылыс) қалтқысыз әлемдік тәртіпке бағынған, ал адам табиғаттың бір бөлігі және төл баласы ғана болып қалды.

Әйтсе де, адамзаттың дамуы мен эволюциясына байланысты, еңбектің қолданбалық және жаңғыртушылық қызметін түсінушілік пайда болады. Осы процесс нәтижесінде табиғи ортаны адам қажетіне бейімдеу және оның артынша өңдеу іске асады. Егіншілік орын теуіп, жинаушылық бақшашылдыққа айналды. Үй жануарларына шөп дайындау іске асты. Табиғи ортаға бейімделуден адамдар оны өңдеуге ауысты. Осыдан келіп аңдарды қолға үйрету, жалпы малшылық және көшпенділік өмір басталды. Бұл өз заманындағы үлкен бір құбылыс болды.

Табиғи ортаны өңдеудің туындауы философиялық көзқараста адамның айқын мақсатты қызметін, мақсат белгілеу факторының пайда болуын көрсетеді. Мұның өзі, адамның табиғаттан бөлініп дербес тіршілік иесі болып қалыптасуының алғышарты еді. Адамның мақсатқа бағытталған қызметі объективті процестің шешуші қалпы болып табылады. Тұтас, бірақ қарама-қайшылықты процесте оның әр қыры табиғи заңдылық және адамдардың мақсат-мүдделі қызметі ретінде көрініс берді. Тұтас әлем заңдылығы енді адамдардың мақсатқа бағытталған және мұратты қызметімен, енді «табиғат бөлшегі» емес, оның әміршісі, өңдеушісі дәрежесіне ұмтылуымен қабаттаса дами берді.

Табиғат әлемі адамдардың мақсат-мүдделік және мақсат-мұраттық қыз-меті процесінде адам әлеміне айналады. Оның ішінде шешуші билікті қажеттіліктің «темірдей талабына» тәуелді ететін табиғи заңдылықтар емес, адамдардың еркін қайраткерлігі алады. Олар сыртқы жағдайлардың детерминациясына ұқсас қана емес, еркіндік заңымен шығармашылыққа кіріседі. Бұл кезеңде адам табиғат субстанциясынан бөлініп, өзін табиғатқа қарама-қарсы қояды. Бұл ұзын-сонар процесте бірте-бірте жеке адамдардың екі байланыс қалыптары қалыптасады; біріншісі олардың табиғи компоненттерін игеруге және құруға бағытталған ортақ әрекеті, ал екіншісі – этностың қоғамдық қалыптарын тұтастыруға және дамытуға, ұдайы өндіріске, адамзат өмірін жалғастыруға, оның биологиялық және әлеуметтік қажеттілігін өтеуге бағытталған өзара байланыс.

Жеке адам өзара байланыстарының бұл қалыптары қазақтың ата-тектерінде малшылық, егіншілік және бақша өсірушілік ортақ қызметі ретінде өмір сүрді. Табиғатты, оның егіске, бақшаға, жеміс-жидек ағашына жарамды кеңістіктік қалыптарын игерді. Мұның ішіндегі ең бастысы жартылай көшпенді малшылық болып табылады. Және осы еңбек процесіндегі ортақ қарым-қатынас, келісе өмір сүру мен бірте өмір сүрудің қалыптарын туындату, яғни үйсіндер мен қаңлылардың ішінде жеке меншіктік және мүліктік теңдікке негізделген қоғамдық құрылыстың орнауына жағдай жасайды. Бұл материалдық өндіріс процесіне танымдық және бағалаулық сарынның қосарлануына көз жеткізеді. Осының өзі жалпы алғанда кейіннен тірішіліктің дүниетанымдық бағдарына карай өседі. Сөйтіп қоғамдық санада өздері-ақ әлеуметтік мінез-құлықтың салты, ережесі, дәстүрі ретінде тіркеледі де адамдардың тарихи қауымдастығының, сондай-ақ қазақтың ата-тегінің де өмірін реттеп отырды.

К. Бейсеновтың зерттеулеріне сүйенер болсақ, қауымдық сана айнала қоршаған орталық ерекшеліктеріне, қауымдық болмыстың тіршілік тынысына байланысты дамып отырды. Табиғатты игеру барысындағы адамдардың практикалық іс-әрекеттерін бейнелейтін алуан түрлі дәстүрлі әдет-ғұрыптар, әпсаналар, қарапайым түсініктер пайда бола бастады. Олардың бәрі қауымдық өмірдің күнделікті тәжірибесін жинақтаудың, танымның, көбінесе сезімдік сатысына тән нәтижелерін қорытудың негізінде дүниеге келді.

Қауымдық болмыстың бейнесі – қауымдық сананың негізгі өзекті мазмұнын құрайтын, жеке адамдардың, яғни қауым мүшелерінің мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал жасап, олардың нақтылы іс-әрекеті үшін жетекшілік, жолбасшылық, реттеушілік рөл атқаратын әпсаналық ой кешу үрдістерінің жиынтығы танымдық, тәжірибесі мол, көргені мен көңіліне түйгені көп ру ақсақалдарының құзырында болды. Оларды қазақта «жазып қойған хатпен тең» деп бекер айтпаған. Жазу-сызудың жоқ кезінде ру көсемдерінің ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан тәжірибені зердесіне сақтаған әрі күнделікті өмір сүру процесінің қарапайым қағидаларын тұжырымдап отыруы – сол заманға тән заңдылық болатын. Ол қағидалар қауымның, рудың мүддесін жоғары қоятын. Қазақтың «у ішсең – руыңмен» деген мәтелі осының айғағы болса керек. Жеке адамдардың санасында ру ақсақалы мен рудың өзі бір нәрсе ретінде қабылданатын. Соғыс, шаруашылық, тұрмыс сияқты өмірдің саналуан салаларындағы мәселелерді шешу ақсақалдар кеңесінің үлесінде еді. Олардың шешімдері барлық қауымдастар үшін жазылмаған заң, ал оларды орындамаған адамға қолданылатын ең ауыр жаза қауымнан аластау болатын. Қауымнан тыс қалу дегеннің өзі жеке адам үшін өлім жазасына кесумен бірдей еді, себебі заманның жағдайында жалқы адам өз алдына дербес тіршілік ете алмайтын.

Қауымдастықтың өзі саналылықтың нәтижесінде емес, ғұмыр кешудің жан далбаса стихиялық ұмтылысы, жан сақтаудың табиғи түйсікке негізделген мүдделеріне сәйкес қалыптасқан. Осы ру-тайпалық қауымдастыққа тән ұжымдық сипаттағы ой кешудің әпсаналық үрдістері жеке адамдардың санасы мен мінез-құлқының, іс-әрекеттерінің құдіретіне табынатын қасиет.

Тілдің дамуы алғашында экстенсивтік жолмен, яғни сөздердің сан жағынан барынша көбейте түсу бағыты арқылы, ал кейіннен тіл иесінің (субъектінің) даму дәрежесіне сәйкес интенсивті жолмен, яғни тұжырымдау, заттар мен құбылыстардың қасиеттерін бейнелейтін көп сөздерді біріңғай ұғымдарға жиынтықтау арқылы дамыды. Мысалы, қазаққа тән мал шаруашылығына байланысты төрт түлік мал атаулары нақтылы түсіне, жасына, тұрқына т.т. байланысты жүздеген сөздер арқылы бейнеленуі мүмкін. Тілдік дамудың алғашқы кезеңінде сиыр, түйе, жылқы, қой деген жалпылама ұғым – атаулардың болмағандығы ақиқат. Оның есесіне аталмыш түліктердің әртүрлі жалқы қасиеттерін белгілеп бейнелейтін жүздеген сөздер мен сөз тіркестері орын алған. Мысалы, құлын, тай, құнан, дөнен, бесті, бие, айғыр, сәурік, қысырақ дегендей. Ал «жылқы» деген жалпылама атау барлық нақты жылқылардың ортақ қасиеттерін жиынтық бейне ретінде белгілейтін ұғым ретінде тілдік дамудың жоғарғы сатысында пайда болады.

Мыңдаған жылға созылған жартылай көшпенді малшылық, оның батыр, ат, киіз үй, алыс елдер, замана, көш-қоныс кеңістігі, оңтүстік жылы аймағы, «сарғая күткен қалыңдық», тағы да басқа көптеген тақырыптары тек қана тікелей өндірістік қатынастардың ықпалымен ғана емес, қоғамдық мәдениеттің болуымен, яғни белгілі бір тіршілік салтының әсерімен туындады.

Қазақтың болмыс шындығы – олардың бақыланушы және қабылданушы әлемге жақындығы өз көрінісін уақыттың, кеңістіктің, адамның ішкі әлемін, ар-ождан бастауларын түсінуінен тапты. Мұның барлығы дүниенің негізі шынайы түптамырына ие, осыдан келіп басқа ешбір әлем түсінігіне ұқсамайтын, әлемнің ұлттық образы, дүниетанымы туындайды деген қағидаға келіп саяды.

Ұғымдар жүйесінің қалыптасып дамуы ой кешудің сезімдік-деректік нұсқасынан арылу барысында жүзеге асады. Себебі, заттар мен құбылыстардың өзара қатынастарын, байланыстары мен жалпы қасиеттерін көзбен көріп, қолмен ұстауға болмайтындықтан тек ақыл қуатымен түшыну, пайымдау арқылы ғана танып білуге болады. Жалпы ұғымдар жүйесінің қатары неғұрлым көбейіп, олардың таным ауқымдылығының барынша кеңеюі табиғат сырларынан адамды алшақтата беретін сияқты пікір туғызады. Ал шын мәнісінде ұғымдар байлығы адамдарды әлемнің тылсым сырын танып біліп, табиғат күштерін игеруге жақындата түседі. Сондықтан да тіл байлығы оның лексикалық қалыптасу барысы арқылы бағаланады.

Қауымдық құрылыстың адамдары айнала қоршаған ортаны жалпылама пайымдайтын. Заттар мен құбылыстардың физикалық, химиялық қасиеттерін зерттейтін шамасы болса да жоқ еді. Сондықтан да олар табиғатты балауса көңілмен риясыз қабылдайтын, әлемге шаттана қарайтын, аңғал да сезімтал жер-ананың төл перзенттері болатын. Өйткені ол заманда адамзат бейкүнә, сәби тәкілеттес еді. Бұл аталмыш қасиеттерден сайын далада мыңғырған мал өсірген, жаз жайлауын, қыс қыстауын жайлап, рулық-тайпалық құрылымға негізделген қауымдастық өмірге сәйкес өзіндік әпсаналық ой кешу үрдістері қалыптасқан қазақтар да кенде болмаған. Көшпелі өмір салтының рухани ажары болған, бағзы заманның тыныс-тіршілігін – халықтың арман-тілегін, мұң-зарын,

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

қуаныш-қайғысын, сенім мен үмітін бүгінге жеткізген қазақи қауымдық ой кешу үдерістерінің алатын орны мол.

Халықтың қауымдық санасы оның жекелеген өкілдері үшін оның сыртында өмір сүре алмайтын мәдени контексті білдіреді. Өйткені бұл адамдар бір-бірімен бірлескен әрекетке қатысады, белгілі бір тілдердің кодын, шартты белгісін қолданады. Бұл мағынада «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры өзі бастау алатын ғұндар мен сақтар үшін де, солардың ұрпақтары болып саналатын қыпшақтарға, наймандарға, арғындарға, сондай-ақ қазірге дейін махаббат жайлы осы бір жыр сүйіп оқитын қазақтар үшін де тең дәрежеде ұғымды, түсінікті. Бұл мәдениеттің мирасқорлығын көрсетіп қана коймай, дастанның кейіпкерлері Көрпешке, Баян сұлуға, Қодарға деген олардың әрекеттері, өмір қалаулары мен тағдырына байланысты көзқарасының белгілі дәрежеде үндесуімен де көрінеді.

Көптеген ғасырлық шежіресі бар, ал Қазақстанда осы күнге дейін өмір сүріп отырған жартылай көшпенді малшылық халық тіршілігінің аса терең тамырларына нәр болды. Мұның өзі болмыс қағидалары мен рухани құндылықтардың парқын түсінуге орасан зор ықпал етті. Оның үстіне, бұл асыл дәстүрлер, рухани байлықтар ежелден келе жатқаны сонша, олар адамға балалық шағынан қанына сіңген қасиет.

Ашина (көк бөрі) ұрпақтары VI ғасырда хандықтың басқару жүйесін құқықтық негізде құрды. Өкілетті билік пен заң шығару ісі ақсақалдар алқасының құзырында болды. Ал хан жарлығы атқарушылық міндеті үлкенді-кішілі лауазымдар иесіне жүктелді. Бұл мансаптар мұрагерлік жолмен хандық билік әскери демократия арқылы жүзеге асырылған. Халықтың құқықтық санасының әрі мемлекеттік басқару жүйесінің арқауы кең ауқымды жеті баптан тұратын, Тәуке ханның тұсында толықтырылып «Жеті жарғы» деген атқа ие болған Ел заңы:

VIII ғасырдың басында жазылған аталмыш ескерткіштердің стилі XIV-XV ғасырларға дейін жеткен. Бұл жазба ескерткіштердің қатарына «Қорқыт Ата» кітабы мен «Оғызнаманы» да жатқызуға болады. Олардың өзара стильдік айырмашылықтары болғанымен оқиға желілері, баяндау үлгілері, дүниетанымдық арқаулары өте ұқсас.

Бұл аталмыш жазба ескерткіштердің барлығының да мазмұнын тәңіршілдік көктей өтеді, олардың дүниетанымдық өзегі ретінде көрінеді. Мысалы, көне түркілердің космогониялық түсінігін мына сөздерден бағамдауға болады: «Жоғарыда Көк тәңірі, төменде Қара жер жаралғанда екі арасында кісі оғлы жаралған екен». Олардың үстінен қарайтындар «Тәңірден болған» яғни қағандық үстемдікке ие болатындар Бумын, Істемі, Білге қағандар еді. Аспан-жердің, тау-ойпаттың кереғар ұғымдар екенін диалектикалық қарама-қарсылықтардың бірлігі екендігін көне түркілер үстірт болса да пайымдай алды ма? Әрине, алайда мұндай көзқарас аңғалдықпен, көмескі топшылаудан ада емес еді. Оның үстіне тәңіршілдік, анимизм мен тотемдік көзқарастар үстем болды. Сонысына қарамай Аспан (Көк тәңірі) мен Қара жер (Жер-ана) аралығында ғұмыр кешкен адамзаттың екі тапқа бөлінуі де адамдардың қарама-қарсы екі жаратушының кайсысына «жақын» екендігі туралы, әпсаналармен тығыз байланысты болғандығын көруге болады.

Тәңіршілдік көзқарастың танымдық тірегі – тәңірінің жасампаздық құдіретіне деген халықтық сенім. Түркілердің танымдық қабілеті, жеңіске жетуі табғашка (қарақытайға) бағынғаны үшін жазалануы да тәңірінің мейіріміне немесе қаһарына ұшырағандықтың жемісі. Көрнекілік үшін мысал келтіретін болса, дана қарт Тоныкөк өзінің біліктілігін тәңірдің сиы ретінде қабылдайды, ал шын мәнісінде ол білімді табғаш елінде алған. Әрине, өзінің табиғи қабілетінің арқасында. Өзінің даналығын дәріптеу мақсатында қайталанып отыратын «қағаны алып екен, ақылшысы дана екен» деген сөз тіркесін жауларының аузына салып отырғандығы Тоныкөктің мақтаныш сезімінің айғағы болса керек.

Сатқын бектердің сөзіне еріп азаттықты қастерлемей кіріптарлыққа еркімен кірген будун (түркі халқы) тәңірінің қаһарына ұшырады – дейді Тоныкөк. Кейіннен ел басын біріктіріп, қағандық құрып талай жеңістерге жету ісі де тәңірден қолдау таппаса жүзеге аспас екен. Ал¬ты мыңдық оғыз әскерімен кездескенде Тоныкөк әскері 2 мың ғана екен. «Тәңірі, Ұмай, Ұйық жер-су жер берді емес пе? Неге Қашамыз? Көп (екен) деп неге қорқамыз... неге басылып каламыз... тиелік! – дедім, дейді Тоныкөк. Тидік (тип бердік). Бытыраттық. Екінші күні (қайта) келдік... Өртше қызып (лаулап) келді. Соғыстық. (Жаудың) бізден екі-үш сынары (легі) артық еді. Тәңірі жарылқағаны үшін, көп екен деп біз қорықпадық, соғыстық» – дейді.

Ал «Қорқыт ата» кітабы мен «Оғызнамадан» тәңіршілдік дүниетанымның үстемдіктен айырыла бастаған нышанын байқаймыз. Мысалы, Дерсе хан баласын тәңіріден тілеп алса («Қорқыт ата» кітабы), Оғыз қағанның балалары аспаннан түскен нұрдан жаратылған әйелден туады. Сондықтан да олардың атын Ай, Күн, Жұлдыз қояды. Сонымен қатар, Дерсе хан туралы аңызда Алла – Тағала аты бір рет айтылады да кейіннен үш мәрте Тәңірі – Тағала деп қайталанады. Бұл нені көрсетеді? Біздің пайымдауымызша ол кезеңдердегі қауымдық санада тәңіршілдік көзқарастың әлі де үстем болғандығының, исламның толық жеңіске жете қоймағандығының айғағы болса керек. «Тәңірі – тағала» осы итжығыс күрестің нәтижесі ретінде қалыптасқан ұғым сияқты.

Орхон – Енисей, «Қорқыт Ата» кітабы, Оғызнама жазба ескерткіштерінде тотемдік, анимистік көзқарастар сілемдері сақталғанымен, мифтік ойлаудың ықпалы азая бастағаны байқалады. Оны уақиғалар желісінің реалистік, тарихи шындыққа біршама жанасымды тұрғыда баяндалатынынан-ақ пайымдауға болады. Алайда тотемдік көк бөрі барлық аталмыш жадаяттарда орын алып отырады. Оғызнама бірде әскерге жол басшы болса, бірде киелі зау-зат ретінде дәріптеледі. Сонымен қатар, анимистік көзқарастардың да аз болса да бой көрсетіп қалатынын байқаймыз.

Қазақстан аймағындағы алғашқы адамдар, тас дәуірінен бастап еңбек құралын санасына қарай таңдады, осыдан сезімді мәнді әрекет процесі басталды. Қола дәуірі тарихта жалпы тұрғындардан бақташы тайпалардың бөлінуімен және алғашқы ең үлкен қоғамдық еңбек бөлінісі болуымен белгілі. Бұл сол-ақ екен материалдық мәдениеттің дамуына, өркендеуіне қуатты қозғаушы күш берді. Тері шалбарлар пайда болды және көрші халықтар мұны жылдам-ақ қабылдады. Ауыздықтың, айыл, құйысқан, ертоқым, найза, жебе ұштарының қажеттілігі металлургия мен тау-кен өндірісінің қызу дамуын дүниеге әкелді. Қоғамның неғұрлым сапалы өндіріс құралдарына және қаружараққа зәрулігі Жезқазғанда, кенді Алтайда, Қаршыға, Жалтыр, Ащылы, Ұра-Төбе, Күшікбайда мыс, Атасу, Қалбы, Нарымда қалайы, Степняк, Қазаншұңқыр, Балажалы, Ақжалы Дайбай, Майкапшағай Ақабекте алтын өндірісін қызу дамытты.

Сапа категориясы қасиет ұғымына алып келеді. Ол пәннің басқа заттар мен шындыққа деген қатынасынан туындайды. Қасиет сапаның мазмұны, потенциалды мүмкіндігі болып табылады. Ғұндардың өзі заттар мен тіршілік иелеріне сана тұрғысынан қарады. Мейілінше күшті күтім тілемейтін, алыс жорықтарға төзімді асыл тұқымды жылқыларды өсіргенді дұрыс көрді. Тайпа көсемін оның сапалық қасиеттерін салмақтай отырып сайлады. Оның қасиеттері неғұрлым күштілігі, айлалы (алысты болжағыштығымен) көргендігімен бағаланды. Мұндай сапалық қатынас мынада да көрінеді. Күштілері айлалы және дәмдені жейді, қартайғандары солардың қалдықтарымен тамақтанады. Жастар мен мықтыларды сыйлайды, кәрілер мен әлсіздердің сыйы аз. Жауынгер шапқыш қасиеті – Жауынгерлік сапаның сыртқа шығу қалпы болып табылады. Бұл енді берілген сапалардың сандық өлшемінің қажеттілігін туғызды. Бұл диалектиканың келесі категориясы ретінде сан мәселесіне көшу іске асады. Сан ұғымы заттардың санағының түзілуінен жетілуімен, олардың өлшенуі мен объектілерге әртүрлі сандық мінездемелердің телінуімен туындайды. Былай айтылады: «Үйсіндерде жылқы көп, олардың ең бай адамдары төрт-бес мың жылқы иеленеді». Малшылықтың дамуы сандық айқындылықты дүниеге әкелді. Санның онтологиялық мінездемесі әрқашан кеңістік пен уақыт болды. Сандық қатынастар алғашында өлшеу әрекетіне байланысты мүшеленді. Бұл сол сәттен-ақ сезімдік әрекетте игерілді. Мал басын түгендеуде, өзен жағалауларындағы, аңғарлардағы егін салынатын жерлерді бөліскенде пайдаланылады.

Қазақтың ата-тегінің еңбек әрекетімен, яғни мың шақырым, одан да ұзаққа созылған көш жолдарының белгілі бір күн мен айға байланысты басып өтілуін белгілеумен кеңістік ұғымының дамуы басталды. Тіптен күндік көш жолы бір көш, сондай-ақ қозы көш, апталық көш т.б. қашықтық мөлшері белгіленді. Кеңістік бет-бағдары қазақтардың ата-тегімен көне түркітерді басқа халықтардан тұрақтарының есігінің шығысқа бағытталуымен ерекшелейтін ғұндар жайлы да былай делінген «Шаньюй ертемен қосынан күнге табыну үшін, кешке айға табыну үшін шығады. Ол сол жақта бетін солтүстікке беріп отырады. Ғұндардан қалған бұл дәстүр түріктерге ауысты. Бұл ғұндардың алғашқы түріктер екендігі жайлы болжамды қуаттайды. Киіз үйлерінің есігі әрқашан оңтүстікке ашылған Моңғолиядан айырмашылығы осында. Бір қызық жайт Моңғолия қазақтарының киіз үйінің есігі осы жердің тұрғындарынікіндей оңтүстікке қарайды. Таным бағдарында шығысты құрмет тұтушылық көне тас балбалдардан да көрінеді. Түріктердің ежелгі молаларының барлығының беті шығысқа бағытталады. Тіптен көне түрік тілінде Шығыс алдыңғы жақ, батыс – (кейінгі) арқа бет, ал оңтүстік – оң, солтүстік сол жақ болып саналады. Күлтегін ескерткішінде былай делінеді: «Ілгері – күншығысқа, оңға – түстікке, кейін – батысқа, солға – терістікке делінеді. Әйткенмен көшпенділіктің дамуымен бағдар өз мәнін жоғалта бастады. Егер есік пен түңліктің шығысқа бағытталуы күннің алғашқы сәулелерін сезінуге мүмкіндік берсе, ал бұдан кейін күн сәулесінің шаңырақ шеңберін бойлай жылжуы және уықтар ерекше бір уақыт өлшеуілігі сағат ретінде қызмет атқарады. Ал бұл кеңістікте орналасудың қатаң тәртібін бекітті.

Философияға тән ұғымның бірі – уақыт. Қазақтар үшін уақыттың ең бірінші бағдары ауа-райы болды. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер қыстың соңғы күндерінен соң көктемгі алғашқы көкке ілігумен қайта түлеу, өзгеріс келетін. Көктемгі күн мен түннің теңелуімен жаңа жыл – наурыз келді. Осыдан барып «шөптің көгі» уақыттың объективті критериі болып табылады. Бұл көктемгі – күзгі науқанға қыстаудан жайлауға шығу, осы көш жолындағы көктемгі және күзгі бағымға байланысты әртүрлі мейрамдардың туына негіз болды. Қазақтың ата-тегіндегі көктем мен жазда түстіктен терістікке көшу және күздегі терістіктен оңтүстікке бағытталған ендіктік көштің басымдығы осы ұзақ қашықтықты өз уақытында алу үшін уақыттың өлшемдердің болғандығын көрсетеді. Бұл көш жолдар мыңдаған шақырым тіпті одан да ұзаққа созылды. Он екі жылдық өлшем де көне түріктерде мол орын алды.

Жалпы адамзат өркениетіндегі әйгілі мәдени ошақтардың ұдайы көшпелілер мекені мен жапсар өңірлерде дүниеге келіп отырғаны кездейсоқ емес. Әлемдік діндердің бастау тегіне Тәңіршілдік діннің өзекті қағидалары арқау болған. Тәңіршілдік дін уақыт пен кеңістікті игеруге талпынған, қоршаған ортамен тіл табысуға ұмтылған адам баласының алғашқы таным-түсінігі еді. Тәңіршілдік дін көшпелілердің өмір сүруінің кепілі болып, өмір салтына айналды.

Қазақтар күні бүгінге дейін таңның атуы мен күннің батуына дейінгі уақытты беске бөледі: таң, сәске, түс, екінді, ақшам. Осы дәстүр Сырдария бойында туған Заратуштра діні арқылы иудаизмге ауысты, одан ислам діініндегі бес уақыт намаздың орнығуына себепші болды. «Көшпелілер мәдениеті өзінің 3 мың жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс елдеріне қарағанда шығармашылық эволюцияны бастан өткерді».

А.Тарақтының материалдарында көрсетілгендей, қазақтар әрбір маусымды өз ішінде үшке бөледі: қоңыр күз, сары ала күз, қара күз немесе қыстың басы, қыстың ортасы, қыстың аяғы т.б. Осынау өмір салтының өзегінен бір жылды он екі айға бөлетін таным-түсініктің бастау тегі аңғарылады.

В.Ключевскийдің бейнелі сөзімен айтқанда мылтық пайда болғанға дейін «Көшпелілер тарихтың дырау қамшысы болды». Кез келген өркениетті қоғамның түпкі нәтижесі сол қоғамдағы адам санасымен анықталатын болса, көшпелілердің қабілет-күші мен ақыл-парасатының өзара үндесе кемелденуі, сөз жоқ, сол ортадағы өмір-салттың, әбден реттеле орнығуының нәтижесі еді. Бұл жөнінде Шоқан былай дейді: «Далалы ортаның тұрғыны – қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ойы, қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлде қайда жоғары тұр... Осынау дала көшпенділерінің ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып бітетіні мұңсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек немесе ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан да болар... Татар атаулы халықтар арасында өзінің ақылдық қабілет-дарыны жөнінен қазақтар бірінші орында болса керек».

**Аманжол ҚАСАБЕК,**
**философия ғылымдарының докторы, профессор**
**Күлпан АЛИКЕНОВА,**
**философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

5 ВОПРОСОВ

# ЕНПФ ОТВЕЧАЕТ НА АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ

Продолжение. Начало на 3 стр.

**4. Мой брат направлял заявку на досрочное изъятие средств, ему отказали. Может ли он подать еще раз?**

В результате анализа поступающих от уполномоченных операторов заявок на получение единовременных пенсионных выплат можно выделить следующие основные причины и дать советы по их устранению и недопущению впредь.

Первая причина: в заявлении вкладчика, поданном уполномоченному оператору, указана некорректная сумма для изъятия, в том числе с превышением имеющихся пенсионных накоплений.

Рекомендация: проверять актуальную информацию о своих пенсионных накоплениях, включая сведения о доступной сумме (в личном кабинете на сайте enpf.kz, в мобильном приложении ЕНПФ, на портале egov.kz) непосредственно перед подачей заявления уполномоченному оператору на получение единовременных пенсионных выплат.

Вторая причина заключается в том, что неправильно указана сумма для изъятия при выборе способа оплаты индивидуального подоходного налога (ИПН).

Рекомендация: при целевом изъятии накоплений (на жилье, лечение) вкладчик имеет право выбрать один из двух способов оплаты ИПН. Первый способ – воспользоваться отсрочкой уплаты ИПН и оплатить ИПН ежемесячно равными долями в течение не более шестнадцати лет после выхода на пенсию (по установленному графику пенсионных выплат из ЕНПФ). Второй способ – уплатить налог в полном объеме сразу при единовременной пенсионной выплате. Способ уплаты ИПН следует указать в заявлении уполномоченному оператору.

Если вкладчик решает воспользоваться отсрочкой по уплате ИПН, то необходимо указать в заявлении сумму для изъятия без вычета ИПН.

Если вкладчик решает оплатить ИПН сразу в полном объеме, то он должен указать в заявлении сумму для изъятия за вычетом ИПН в размере 10%.

Обе суммы уже указаны в выписке, предоставляемой ЕНПФ вкладчику, для его удобства и самостоятельного выбора. Указанная вкладчиком сумма для изъятия будет переведена из ЕНПФ на его специальный счет, открытый у уполномоченного оператора.

Третья причина: в заявлении вкладчика была указана сумма, запрашиваемая к изъятию, без учета порога минимальной достаточности (например, указана вся сумма пенсионных накоплений, имеющаяся на индивидуальном пенсионном счете).

Рекомендация: в заявлении следует указывать сумму, в пределах суммы, доступной для изъятия и указанной в выписке, полученной вкладчиком в ЕНПФ.

Четвертая причина: в заявлении была указана неактуальная сумма, не учитывающая изменения в сумме пенсионных накоплений из-за возможных колебаний инвестиционного дохода в результате изменений курсов валют или стоимости финансовых инструментов в инвестиционном портфеле пенсионных активов.

Рекомендация: проверять актуальную информацию о своих пенсионных накоплениях, включая сведения о доступной сумме, непосредственно перед подачей заявки на получение единовременных пенсионных выплат.

Пятая причина: вкладчиком были поданы повторные, дублирующиеся заявки.

Рекомендация: подождать. В соответствии с законодательством в течение пяти рабочих дней со дня поступления в ЕНПФ электронного уведомления от уполномоченного оператора ЕНПФ переводит оператору сумму единовременной пенсионной выплаты для последующего зачисления на специальный счет вкладчика (получателя), открытый уполномоченным оператором.

Если от ЕНПФ уполномоченному оператору не поступило электронное уведомление об отказе в перечислении выплаты с указанием причины отказа, то вкладчику следует подождать пять рабочих дней до наступления даты перевода суммы накоплений на его специальный счет и не подавать повторные заявления уполномоченному оператору.

Напомним, что при наличии у вкладчика в ЕНПФ суммы, превышающей порог достаточности, заявление на ее использование может быть подано неограниченное количество раз. Если по какой-либо причине вкладчику было отказано в удовлетворении заявления на получение единовременной пенсионной выплаты, то, устранив причину отказа, можно подать заявление уполномоченному оператору повторно. Если вкладчик желает использовать свои накопления на разные цели, то можно подать отдельные заявления на эти цели в пределах доступной для изъятия суммы.

**5. Слышал, что изменилась Методика расчета выплат. Как теперь она рассчитывается?**

Размер ежемесячной пенсионной выплаты из ЕНПФ определяется как одна двенадцатая годовой суммы пенсионных выплат, исчисленной в соответствии с положениями Постановления Правительства Республики Казахстан от 2 октября 2013 года № 1042 (приложение 2 Методика осуществления расчета размера пенсионных выплат). При этом ежемесячная пенсионная выплата из ЕНПФ осуществляется в размере не менее 70% от прожиточного минимума. (Ранее ежемесячная пенсионная выплата из ЕНПФ осуществлялась в размере не менее 54% от прожиточного минимума).

В соответствии с Методикой осуществления расчета размера пенсионных выплат с 1 апреля 2021 г. годовая сумма пенсионных выплат в первый год осуществления пенсионных выплат будет рассчитываться как произведение суммы пенсионных накоплений на ставку выплат пенсионных накоплений – 6,5 %.

В последующие годы размер ежемесячной пенсионной выплаты будет пересчитываться путем ежегодного увеличения размера ежемесячной пенсионной выплаты за предыдущий год на ставку индексации пенсионных выплат – 5%.

Приведем пример:

Сумма ПН = 6 000 000 тенге

Годовая сумма пенсионных выплат в первый год: 6 000 000*6,5%=390 000 тенге;

Размер ежемесячной пенсионной выплаты в первый год: 390 000/12 мес.=32 500 тенге;

Размер ежемесячной пенсионной выплаты на второй год: 32 500+ 32 500*5%=34 125 тенге.

Кроме того, Методикой осуществления расчета размера пенсионных выплат предусмотрены поправочные повышающие коэффициенты для получателей определенных категорий: людей с инвалидностью 1 или 2 группы, установленных бессрочно, а также людей, работавших на вредных и опасных производствах, чьи накопления сформированы за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов в совокупности не менее шестидесяти месяцев. При этом, для лиц, удовлетворяющих более чем одному из вышеуказанных условий, применяется поправочный коэффициент с наибольшим значением.

Надо отметить, что указанная методика осуществления расчета размера пенсионных выплат распространяется на отношения, возникшие с 1 апреля 2021 года.

Лицам, реализовавшим свое право на получение пенсионных выплат из ЕНПФ до 1 января 2018 года, ежегодный размер пенсионной выплаты составляет не менее тридцатикратного размера минимальной пенсии (в 2021 году 30 х 43 272= 1 298 160 тенге). Выплаты осуществляются по ранее выбранному графику.

Лицам, реализовавшим свое право на получение пенсионных выплат из ЕНПФ с 1 января 2018 года по 31 марта 2021года (включительно), согласно новой Методике осуществления расчета размера пенсионных выплат, с 1 января 2022 года ежемесячные пенсионные выплаты будут увеличены на ставку индексации пенсионных выплат в размере 5%, с последующей ежегодной индексацией.

Таким образом, новая Методика осуществления расчета размера пенсионных выплат учитывает особенности условий труда и здоровья получателей, а также будет способствовать увеличению ежегодного размера выплат из ЕНПФ.

Напомним, что пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений на индивидуальном пенсионном счете.

ОБРАЗОВАНИЕ

***С 2020-2021 УЧЕБНОГО ГОДА В СИСТЕМУ ТИПО ВОШЛА ОБНОВЛЕННАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА, КОТОРАЯ СТАВИТ ПЕРЕД СОБОЙ ГЛАВНУЮ ЦЕЛЬ: СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА УЧИТЕЛЕЙ В КОНТЕКСТЕ ОБНОВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ И ВНЕДРЕНИЕ СИСТЕМЫ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ.***

# ВРЕМЯ ВЫБИРАТЬ ЛУЧШЕЕ



Эта программа рекомендует внедрение активных форм обучения, в ходе которых предполагается, что учащиеся будут самостоятельно развивать функциональную грамотность, активно «добывать» знания, с огромным желанием развивать коммуникативные навыки общения со сверстниками, и творчески подходить к решению проблем

Главная цель программы обновленного содержания – это повысить конкурентоспособность, функциональную грамотность учащихся, обеспечить должное образование и привить необходимые качества и ценности.

Внедрение новшеств во всех сферах всегда идёт с определёнными трудностями, они воспринимаются по-разному, и для полного понимания, конечно, нужно время.

«ZHANSUGUROV COLLEGE» по праву считается одним из лучших учебных заведений Жетысуского края. Это учебное заведение, которое за короткий срок завоевало свое место среди средних специальных учебных заведений и имеет свой опыт в решении педагогических задач.

Педагоги понимают, что одних знаний, умений, навыков недостаточно, нужно осваивать деятельностные технологии, изменять содержание уроков.

Здесь педагогический коллектив с успехом внедряет новые подходы в обучении, несмотря на трудности постпандемийного времени. В данном колледже обучение ведется в онлайн режиме на платформах зум, гуглмитт, классрум и т.п

Коллектив намерен и в дальнейшем внедрять передовые технологии в процесс обучения и практических занятий.

Так в целях развития и совершенствования процессов преподавания и обучения планируется внедрение системы LessonStudy под руководством ст.менеджера кандидата филологических наук Центра педагогического мастерства Алматинской области Асхата Алимова.

В LessonStudy принимают участие группы учителей, совместно осуществляющие планирование, преподавание, наблюдение, анализ обучения и преподавания, документируя свои выводы. При проведении цикла LessonStudy учителя могут вводить новшества или совершенствовать педагогические подходы, которые затем передаются коллегам посредством проведения открытых LessonStudy либо публикации документа с описанием их работы.

С нового учебного года принято решение делать акцент на получении компетенций, необходимых в дальнейшей трудовой деятельности

Данная мера вызвана требованиями рынка труда и работодателей. То есть колледж должен будет сделать акцент на практической подготовке учащихся. В рамках модернизации планируется часть часов общеобразовательных дисциплин объединить с часами профессиональной практики и дисциплин по профессии. Например, по техническим специальностям математика, физика, НВП являются обязательными. Четвертую дисциплину учебное заведение определит для групп в зависимости от изучаемой специальности. Остальные общеобразовательные дисциплины, такие как казахский, русский и иностранный языки, история Казахстана, физическая культура и прочие, будут объединены с дисциплинами по профессии, и их содержание тесно свяжется со специальностью. Например, для специальности туризм, изучение географии, истории края и языков будет уделено чуть больше часов, чем другим дисциплинам.

Качество же подготовки кадров значительно улучшится за счет междисциплинарной связи. Содержание всех дисциплин будет направлено на получение компетенций, необходимых для определенной специальности.

Вносимые изменения должны не только обеспечить выпускников колледжей рабочими местами, но и открыть перед ними двери казахстанских вузов, считают сторонники реформы.

Хочется пожелать выпускникам школ, чтобы выбирая они выбирали лучшее!

**С. М. ОТАРБЕКОВА,**
**преподаватель истории**
**«ZHANSUGUROV COLLEGE»**

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ЕДИНАЯ ЭКСПЕРТНАЯ СИСТЕМА СОЗДАНА НА ОСНОВЕ УКАЗА ПРЕЗИДЕНТА РК ОТ 22 АПРЕЛЯ 1997 ГОДА «О ДАЛЬНЕЙШЕМ РЕФОРМИРОВАНИИ СИСТЕМЫ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН».

# ЭКСПЕРТИЗА НАРКОТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ

В Республике Казахстан единая экспертная система создана на основе Указа Президента РК от 22 апреля 1997 года «О дальнейшем реформировании системы правоохранительных органов Республики Казахстан».

До этого времени функции производства судебной экспертизы выполняли специализированные отделы органов уголовного преследования: Комитета национальной безопасности, Министерства внутренних дел, Министерства обороны, а также Таможенного комитета.

Один из видов судебно-экспертного исследования – экспертиза наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов и прекурсоров. Экспертами Института судебных экспертиз по Алматинской области проводятся виды исследований с решением следующих задач – установление природы неизвестного вещества и отнесение его к определенному виду наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров, обнаружение следов наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров на предметах-носителях, установление общего источника происхождения, определение технологии производства наркотических средств.

За прошедшие годы значительно изменилась статистика по видам изъятых наркотических средств. Если в 2012 году 53% проведенных экспертиз приходилось на героин, то в 2020 году экспертиза героина составила всего 1% от всех проведенных исследований. Доля проведенных экспертиз наркотиков каннабисной группы возросла до 97% в 2020 году. Вызывает опасение появление большого количества новых психоактивных веществ (НПВ). Слово «новые» в названии указывает на недавнее появление их на рынке. Употребление НПВ вызывает большие проблемы со здоровьем, это могут быть судорожные припадки, острые психозы, агрессивность и, конечно, развитие зависимости. Имеются данные о случаях экстренной госпитализации и смерти, связанные с НПВ. Ранее НПВ именовались «легальными наркотиками», в связи с тем, что они не подпадали под контроль согласно Конвенции о наркотических средствах 1961 года или Конвенции о психотропных веществах 1971 года. К 2019 году законодательные меры контроля над НПВ приняли более 60 стран, в том числе, Республика Казахстан. Согласно действующему законодательству, контролю подлежат также и аналоги наркотических средств и психотропных веществ.

**И. ЦОЙ,**
**Эксперт ИСЭ по**
**Алматинской области.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САУАЛНАМА

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТЫНДАҒЫ ЖИНАҒЫҢЫЗ ҚАНША?

**– Егер аударым жасалынбаса БЖЗҚ салымшыларының зейнетақы шоттарының жабылатыны жайында оқыдым. Қазіргі уақытта жұмыссызбын, демек, менің шотым жабылады ма? Олай болса жинақтарым қайда кетеді?**

– «БЖЗҚ» АҚ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 27 қаулысымен бекітілген Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы (ЖЗШ) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидаларының 2021 жылдың 01 наурызынан бастап күшіне енгені туралы хабарлайды. Бұған сәйкес ЖЗШ зейнетақы жинақтары болмаған жағдайда 1 (бір) ай өткен соң жабылады.

Осылайша БЖЗҚ-да бұрын ашылған, оның ішінде адам жұмысқа тұрып, шот ашуға өтініш берген немесе зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан, бірақ қандай да бір себептермен аударымдар жасай алмаған жағдайларда, сондайақ, зейнетақы жинақтары болған және зейнетақы жинақтарының барлық сомасы төленіп, аударым жүзеге асырылған ЖЗШларға төлем не аударым жасалғаннан кейін 1 (бір) ай ішінде зейнетақы жарналары түспеген жағдайларда мұндай ЖЗШ жабылады.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылдан бастап БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есепке алынатын ЖЗШ ашу үшін жеке тұлғаға өтінішті рәсімдеу мақсатында БЖЗҚ-ға жүгінудің қажеті жоқ. Шот алғашқы жарна келіп түскен кезде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылып, жеке тұлғаны сәйкестендіру зейнетақы жарнасын аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер бойынша жүзеге асырылады. Ал қолданыстағы құжаттың деректемелері мен өзге де деректемелері туралы барлық қажетті мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады. БЖЗҚ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан электрондық хабарлама алған күннен бастап салымшы МЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

Осылайша егер жеке зейнетақы шотында жинақтар болса, бірақ уақытша толықтырылмаса, ол жүйеде қала береді әрі оған инвестициялық кіріс есептеліп отырады. Ешбір жинағы жоқ шоттар ғана жабылады. Егер азамат жұмысқа қайта орналасса немесе бірыңғай жиынтық төлемді аударса, мұндай жағдайда жаңа шот бірінші жалақыдан бастап автоматты түрде ашылып, міндетті зейнетақы жарнасы есепке алынып, «бос» (жинақсыз) шоттың пайда болуына тұсау салынады. Ал жаңа шотқа аударым жасауға мүмкіндік әрқашан да болады.

Сондай-ақ, барлық зейнетақы жинақтары төленген және аударылған шоттар, төленгеннен және аударылғаннан кейін бір ай бойы жарналар түспеген шоттар да жабылатын болады.

Егер жеке зейнетақы шотыңызда қандай да бір жинақтарыңыз болса Сіздің шотыңыздың жабылмайтынын жеткіземіз.

**– Өзімнің зейнетақы жинақтарымды инвестициялық портфельді басқарушы компанияларға аударғым келеді. Мұны қалай жасауға болады және қанша соманы аудара аламын?**

– БЖЗҚ салымшысы зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) беру туралы шешім қабылдаған жағдайда алдымен өзінің жеке зейнетақы шотындағы жинақтарының жеткіліктілігін тексеріп алуы керек. Мұны enpf.kz сайтындағы жеке кабинет немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асыруға болады.

Зейнетақы жинақтары ИПБ-ға сенімгерлікпен басқаруға мына жағдайда;

– салымшының нақты зейнетақы жинақтарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі арасындағы айырмадан аспайтын мөлшерде; немесе

– өмір бойғы төлемдерді көздейтін сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалған жағдайда, салымшының шотындағы міндетті зейнетақы жарналары немесе міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының қалдығынан аспайтын мөлшерде берілуі мүмкін.

Салымшы өзінің жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігіне көз жеткізгеннен кейін БЖЗҚ-ға жинақтарының белгілі бір бөлігін ИПБ-ға аудару туралы жазбаша өтінішті бере алады. Салымшыға сақтандыру компаниясымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқаннан кейін де жеке шотында қалған жинақтарын ИПБ-ға сенімгерлікпен беруіне болады. БЖЗҚ жеткіліктілік сомасынан асатын зейнетақы жинақтарының бір бөлігін салымшыдан өтініш келіп түскен күннен кейінгі отыз күнтізбелік күн ішінде ИПБның сенімгерлікпен басқаруына аударуды жүзеге асырады. Салымшының зейнетақы жинақтарының қалған бөлігі Ұлттық банктің басқаруында қала береді. Салымшының жеке зейнетақы шотындағы жинағының жалпы есебін БЖЗҚ жүргізеді.

**– Өз жинақтарымды жеке компанияларға инвестициялық басқаруға беруден қауіптенемін, сенімді ақтамаулары да мүмкін. Оларды мен БЖЗҚ-ға қайтара аламын ба?**

– Міндетті зейнетақы жинақтарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшеріне инфляция деңгейін ескере отырып, Ұлттық банктің басқаруында болған сомаға ғана қолданылады.

Инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) пайдасына алынған зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен Заңталаптары және ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) нормативтік құқықтық актісіне сәйкес есептелген зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейінің арасында теріс айырмашылық пайда бола қалған жағдайда, аталған теріс айырмашылықты ИПБ өз капиталы есебінен ҚНРДА бекіткен нормативтік құқықтық актіге сәйкес тәртіп пен мерзімде БЖЗҚ-ға қайтарады. Аталмыш ИПБ-да зейнетақы жинақтары сенімгерлік басқаруда болған салымшыға жылдың алдындағы жылдың соңында ақшаны қайтару жүзеге асырылады. Бұл ретте аталған сома салымшының БЖЗҚ-да ашылған жеке зейнетақы шотына аударылады.




Кірістіліктің ең төменгі мөлшері нарықта әрекет етуші ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігінен есептеледі. Зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілігі мен орташа алынған кірістілігі туралы көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет ресурсында ай сайын жарияланып тұратын болады.

ҚР «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес, ИПБ инвестициялық басқарғаны үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы. ИПБ сыйақысының шекті шамасы алынған инвестициялық табыстың 7,5% -нан аспауы керек. Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ-ның басқарушы органы бекітетін болады және ол жылына көп дегенде бір рет өзгеруі мүмкін.

Зейнетақы активтерін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына алғаш бергеннен кейін салымшы:

- БЖЗҚ-ға өзінің зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екінші ИПБ-ға сенімгерлік басқаруға беру туралы өтінішті жылына көп дегенде бір рет беруге;

- БЖЗҚ-ға ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Ұлттық банктің сенімгерлік басқаруына қайтаруға (зейнетақы жинақтары ИПБ сенімгерлік басқаруына алғаш берілгеннен кейін екі жылдан ерте емес) өтініш беруге құқылы.

Салымшы зейнет жасына жеткенге дейін күнтізбелік 10 күн бұрын оның зейнетақы жинақтары инвестициялық кірістілік есебімен Ұлттық Банктің инвестициялық басқаруына (егер жинақтар осы мерзімге дейін ИПБ сенімгерлік басқаруында болған жағдайда) қайтарылады және зейнетақы жинақтарын кесте бойынша жүзеге асыру, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу немесе заңнамада қарастырылған өзге де мақсаттарға пайдаланылады.

**– Менің ағам жинақтарды мерзімінен бұрын алуға өтініш берді, оған бас тартылды. Ол тағы да өтініш бере ала ма?**

– Уәкілетті операторлардан келіп түскен біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға арналған өтінімдерді талдау нәтижесінде мынадай негізгі себептерді бөліп көрсетіп, оларды жою мен алдағы уақытта болдырмау жөнінде кеңестер беруге болады.

Бірінші себеп: салымшының уәкілетті операторға берген өтінішінде алуға болатын соманың қате, оның ішінде қолда бар зейнетақы жинақтарының мөлшерінен асыра көрсетілуі.

Ұсыным: қолжетімді сома туралы мәліметтерді қоса алғанда, өз зейнетақы жинақтары туралы өзекті ақпаратты (enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте, БЖЗҚ мобильді қосымшасында, egov.kz порталында) тікелей уәкілетті операторға біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға өтініш берер алдында тексеру.

Екінші себеп: жеке табыс салығын (ЖТС) төлеу тәсілін таңдау кезінде алуға болатын соманың дұрыс көрсетілмеуі.

Ұсыным: салымшының зейнетақы жинақтарын мақсатты алу (тұрғын үйге, емделуге) кезінде жеке табыс салығын (ЖТС) төлеу бойынша екі тәсілдің бірін таңдауға құқығы бар.

Бірінші тәсіл – ЖТС төлеуді кейінге қалдырып, оны зейнеткерлікке шыққаннан кейін (БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінің белгіленген кестесі бойынша) он алты жылдан аспайтын мерзім ішінде ай сайын тең үлестермен төлеу. Екінші тәсіл – салықты біржолғы зейнетақы төлемін алған кезде бірден толық төлеу. ЖТС төлеу тәсілін уәкілетті операторға беретін өтініште көрсеткен жөн.

Екінші себеп: жеке табыс салығын (ЖТС) төлеу тәсілін таңдау кезінде алуға болатын соманың дұрыс көрсетілмеуі.

Ұсыным: салымшының зейнетақы жинақтарын мақсатты алу (тұрғын үйге, емделуге) кезінде жеке табыс салығын (ЖТС) төлеу бойынша екі тәсілдің бірін таңдауға құқығы бар.

Бірінші тәсіл – ЖТС төлеуді кейінге қалдырып, оны зейнеткерлікке шыққаннан кейін (БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

төлемдерінің белгіленген кестесі бойынша) он алты жылдан аспайтын мерзім ішінде ай сайын тең үлестермен төлеу. Екінші тәсіл – салықты біржолғы зейнетақы төлемін алған кезде бірден толық төлеу. ЖТС төлеу тәсілін уәкілетті операторға беретін өтініште көрсеткен жөн.

Егер салымшы ЖТС төлеуді кейінге қалдыру туралы шешім қабылдаса, онда өтініште алуға болатын соманы ЖТС шегерімінсіз көрсету қажет.

Егер салымшы ЖТС-ті толық көлемде бірден төлеуді шешсе, онда ол өтініште алуға болатын соманы 10% мөлшеріндегі ЖТС-ті шегере отырып көрсетуі тиіс.

Екі сома да БЖЗҚ-дан берілетін үзінді көшірмеде салымшыға ыңғайлы әрі өз бетінше таңдау жасау үшін көрсетілген. Салымшы көрсеткен алуға болатын сома БЖЗҚ-дан уәкілетті операторда ашылған оның арнайы шотына аударылатын болады.

Үшінші себеп: салымшының өтінішінде алуға болатын сома ең төменгі жеткіліктілік шегі есепке алынбай көрсетілген (мысалы, жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының барлық сомасы көрсетілген).

Ұсыным: өтініште салымшы БЖЗҚ-дан алған үзінді көшірмеде көрсетілген және алуға қолжетімді соманы көрсетуі керек.

Төртінші себеп: өтініште валюта бағамдарының немесе зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдары құнының өзгеруі нәтижесінде инвестициялық табыстың нарықтық ауытқуына байланысты зейнетақы жинақтары сомасындағы өзгерістер ескерілмеген өзекті емес сома көрсетілген.

Ұсыным: өзінің зейнетақы жинақтары туралы өзекті ақпаратты, оның ішінде қолжетімді сома туралы мәліметтерді біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға тікелей өтінім берер алдында тексеру.

Бесінші себеп: салымшы қайтадан, алдыңғы өтінімді тағы да берді.

Ұсыным: күте тұрыңыз. Заңнамаға сәйкес БЖЗҚ-ға уәкілетті оператордан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде БЖЗҚ операторға кейіннен салымшының (алушының) уәкілетті оператор ашқан арнайы шотына есепке жатқызу үшін біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын аударады.

Егер БЖЗҚ-дан уәкілетті операторға бас тарту себебі көрсетілген, төлемді аударудан бас тарту туралы электрондық хабарлама келіп түспесе, онда салымшы жинақ сомасы оның арнайы шотына аударылғанша бес жұмыс күн тосып, уәкілетті операторға қайтадан өтініш бермей күте тұруы керек.

Естеріңізге сала кетейік, салымшының БЖЗҚ-да жеткіліктілік шегінен асатын сомасы болған кезде оны пайдалануға өтініш шексіз рет берілуі мүмкін. Егер қандай да бір себеппен салымшыға біржолғы зейнетақы төлемін алуға арналған өтінішті қанағаттандырудан бас тартылса, онда бас тарту себебін жойып, уәкілетті операторға қайта өтініш беруге болады. Егер салымшы өз жинақтарын әртүрлі мақсаттарға пайдаланғысы келсе, онда осы мақсаттарға алуға болатын сома шегінде жекелеген өтініштер беруге болады.

**– Төлемді есептеу Әдістемесі өзгерді деп естідім. Ол енді қалай есептелетін болады?**

– БЖЗҚ-дан төленетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысының (Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесіне 2-қосымша) ережелеріне сәйкес есептелген зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасының он екіден бір бөлігі ретінде айқындалады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% кем емес мөлшерде жүзеге асырылады. (Бұрын БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54% кем емес мөлшерде жүзеге асырылған болатын).

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесіне сәйкес 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың бірінші жылындағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы зейнетақы жинақтары сомасының зейнетақы жинақтары төлемдерінің мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде есептелетін болады – 6,5 %.

Одан кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері өткен жылғы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне жыл сайын арттыру жолымен қайта есептелетін болады – 5%.

Мысал келтірейік:

ЗЖ сомасы = 6 000 0000 теңге

Бірінші жылдағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы: 6 000 000*6,5%=390 000 теңге;

Бірінші жылдағы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері: 390 000/12 ай =32 500 теңге;

Екінші жылға арналған ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері: 32 500+ 32 500*5%=34 125 теңге.

Бұдан басқа, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесінде белгілі бір санаттарға жататын, яғни мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2-топтағы мүгедектігі бар, сондай-ақ, жинақтары міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен кемінде алпыс ай жинақталатын зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген алушылар үшін түзетілетін арттыру коэффициенттері көзделген. Бұл ретте, жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуін ғана емес, одан да көбін қанағаттандыратын тұлғалар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

Айта кету керек, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың аталған Әдістемесі 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін іске асырған адамдарға зейнетақы төлемінің жыл сайынғы мөлшері ең төмен зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен кем болмайды (2021 жылы 30 х 43 272= 1 298 160 теңге). Төлемдер бұрын таңдалған кесте бойынша жүзеге асырылады.

Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа Әдістемесіне сәйкес, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 наурызға (қоса алғанда) дейін іске асырған адамдарға 2022 жылғы 1 қаңтарданбастап ай сайынғы зейнетақы төлемдері 5% мөлшеріндегі зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне ұлғайтылатын болады, ол кейіннен жыл сайын индекстеліп отырады.

Осылайша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асырудың жаңа Әдістемесі алушылардың еңбек жағдайлары мен денсаулығының ерекшеліктерін ескереді, сондай-ақ, БЖЗҚ-дан берілетін жыл сайынғы төлемдер мөлшерін ұлғайтуға ықпал ететін болады.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.




# СӘТ ҚАРТТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Сабыр, төзім – серігім,
Шыдамды көнтерімін.
Тарихыма үңілсем,
Селкеу тартар сенімім.

Елеңдемес жан бар ма,
Өткеніне елінің.
Әңгімесін тыңдап ем,
Аштық куәгерінің.

Еске ап әлі-тіріні,
Батып уайым күйігі.
Тоқсандағы Сәт қарттың,
Селкілдейтін иығы.

Бәрі-бәрі, бәрі есте,
Айналды ол күн елеске,
Қайғы езіп мұң шаққан,
Анасының зары есте:

-«Баста дәурен тұрмай ма,
Зарды заман тыңдай ма?
Қара суды қайғысыз,
Ішетұғын күн қайда?

Заман мынау бұзылған,
Қысым көрдік қызылдан,
Жалғызым-ау өзіңе,
Тауып берсем үзім нан.

Бұл елге кім ие еді,
Жауап таппай күйемін,
Ел мақтаған әкеңнің,
Қайда қалды сүйегі?

Кетті-ау бізді қалдырып,
Қалдық мәңгі айырылып.
Жеткізе алсам жалғызды»,
Дейтін анам қайғырып.

Кеше ғана дін аман,
Жұрт күйзеліп жылаған.
Үйде отырам қамалып,
Қайыр тілеп жүр анам.

Әлсізбін, көз шырымын,
Аламын да күнұзын.
Анашымды тосамын,
Нанды армандап бір үзім.

Аштықтың бұл астарын,
Пайымдамас жастамын.
Қысты өткердік анамның,
Талғажу ғып тапқанын.

Қыс көрпесі түріліп,
Көкөзек шақ – жылымық.
Көктемге әзер жеткен ел,
Сіңіріңе ілініп.

Реңі кірмей аспанның,
Еңсе басты батпан мұң.
Кетпес мәңгі есімнен,
Жаяу-жалпы босқан күн.

Жаппай аштық басталды,
Иесіз үй-қос қалды.
Анам мені жетектеп,
Төркін жұртын бетке алды.

Жанар жасқа шыланған,
Күтті үрейлі күн алдан.
Алты қырдың астында,
Нағашы жұрт – ұлы арман.

Адымды аштық тұсады,
Жолаушымыз құсалы.
Жуа, қозықұйрық та,
Көзден бал-бұл ұшады.

Жұтынған сол жұттан ба,
Бір жәндік жоқ қыстауда.
Көрінбейді саршұнақ,
Тышқан екеш тышқан да.

Шалдықтым деп шаршадым,
Айтуға да қорқамын.
Көзкөрімге жеткізер,
Таңда жеген талқаным.

Бірде күдік кеміріп,
Жетелейді бір үміт.
Қуғын көрдік жолда біз,
Сұрықсыз топ жолығып.

Ілбіп, тоқтап, кідіріп,
Жүре алмап ек іліңіп.
Қуғыншыдан қашыппыз,
Құйын-перен жүгіріп.

Кілең озбыр сұйық қан,
Құзғындайын ұйысқан.
Жете алмапты қаскөй топ,
Бала етіне құныққан.

Мұндай азап кешкем бе,
Қос өкпем де өшкен бе?
Қараңғылық құрсамай,
Жетсек сонау бөктерге.

Аштық қадап тырнағын,
Кеудемде әзер тұр жаным.
Ажал көздеп атсам деп,
Бұрды мылтық құндағын.

Күн батуға тақады,
Анау қырдан асады.
Құп-қуқыл боп жан анам,
Бауырына басады.

Мұнар, мұнар, мұнар күн,
Қоштасатын шығармын.
... Кенет қанат сусылын,
Естіп қалдық қыранның.

Таусылмапты ырысым,
Кеңіп қалды тынысым.
Бала бүркіт жас түлек,
Бүрді еліктің шыбышын.

Көк тағысы арбасқан,
Елік жатты қан қапқан.
Айқай салып жүгірдік,
Азан-қазан болды аспан.

Айқай-ұйқай жан жағым,
Ұмытыппын қалғанын.
Бүркіт үркіп ұшқаны,
Рақымымен Алланың.

Көз көрмеді басқаны,
Анам асып-саспады.
Шала жансар елікті,
Бауыздады, қақтады.

Айдалада қалмадық,
Алла сыйлап жанға құт.
Аш өзекке түсірмей,
Етті аздап талмадық.

Алла сыйлап несібе,
Ілідік ел көшіне.
Шырт ұйқымнан оянам,
Түссе нәубет есіме».

Жылап айтып өткенін,
Қартым зарын төккені,
Құдай қолдап аман қап,
Өсіп-өніп көктеді.

Өктем билік тонады,
Атты-айдады, қамады.
Миллиондап қырылған,
Жұрттың кімде обалы?!

Өткеннен сыр қозғадым,
Ащы шындық жазғаным.
Жеткізе алсам кейінге,
Асыра сілтеу зардабын...

**Жомарт ИГІМАН**
САРҚАН ҚАЛАСЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

*ПОСВЯЩАЕТСЯ 85-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ПРОФЕССОРА, УЧЕНОГО, ОБЩЕСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ, ПЕДАГОГА)*

# ПОЗНАВАТЕЛЬНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТРУДА «БЕС АНЫҚ» МУХТАРА АРЫНА



**ВЕЛИКИЕ ЛЮДИ — ЭТО ЛЕГЕНДАРНЫЕ ЛИЧНОСТИ, КОТОРЫЕ СВОИМИ ДЕЛАМИ И ОТКРЫТИЯМИ ЗАСТАВИЛИ ГОВОРИТЬ О СЕБЕ ВЕСЬ МИР. ИСТОРИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА, ВЕСЬ ПРОЙДЕННЫЙ ИМ ПУТЬ, ДОКАЗАЛИ, ЧТО ВЕЛИЧИЕ ЧЕЛОВЕКА НИКОГДА НЕ БУДЕТ ИЗМЕРЯТЬСЯ ЗОЛОТОМ, БРИЛЛИАНТАМИ, НЕВОЗМОЖНО ИЗМЕРИТЬ ЕГО НИКАКИМИ МАТЕРИАЛЬНЫМИ ЦЕННОСТЯМИ. ВЕКАМИ ДОКАЗАНННАЯ ИСТИНА – ВЕЛИЧИЕ ЧЕЛОВЕКА ИЗМЕРЯЕТСЯ ЕГО МЫСЛЯМИ, ЕГО ИДЕЙНЫМ НАСЛЕДИЕМ, КОТОРОЕ ПЕРЕДАЕТСЯ ИЗ ПОКОЛЕНИЯ В ПОКОЛЕНИЕ С ПОМОЩЬЮ САМОЙ ГЛАВНОЙ ЦЕННОСТИ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ЖИЗНИ – ЭТО КНИГИ! ВЫСКАЗЫВАНИЕ О КНИГЕ ШОТЛАНДСКОГО ПИСАТЕЛЯ И РЕФОРМАТОРА СЭМЮЭЛЯ СМАЙЛСА «КНИГИ ОБЛАДАЮТ СПОСОБНОСТЬЮ БЕССМЕРТИЯ. ОНИ САМЫЕ ДОЛГОВЕЧНЫЕ ПЛОДЫ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ» ОЧЕНЬ ТОЧНО ПОДЧЕРКИВАЕТ МЫСЛЬ О БЕССМЕРТНОСТИ КНИГИ. ТАКУЮ ЖЕ ВЫСОКУЮ ОЦЕНКУ КНИГЕ ВСЕГДА ДАВАЛ МУХТАРГАЛИЕВИЧАРЫН – ПЕДАГОГ, УЧЕНЫЙ, ПРОФЕССОР, ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ.**

Всю свою жизнь Мухтар Арын посвятил образованию и считал, что самое главное богатство человека – это знания. Как человек высокой духовной культуры, глубокого философского склада ума, он всегда давал всем, кто находился в его окружении, всем своим студентам, уроки нравственности, уроки истинного патриотизма. В какие бы сложные периоды развития нашей страны он ни жил, мудро рассуждая о прошлом и настоящем своего народа, предвидел светлое будущее, связывая его с духовным богатством, которое, по его мнению, нужно без устали впитывать в сознание подрастающего поколения.

Родился Мухтар Галиевич 20 мая 1936 года в селе Аксу, Алматинской области: отец - Арын Дауренбекұлы Құйқанов, мать – Құйқанова Қанипа, старшая сестра – Құйханова Кульпаш. В 1953 году, после окончания с отличием Кокозекской (на сегодняшний день средняя школа имени К.Казыбаева) средней школы поступил в Алматинский государственный педагогический институт иностранных языков по специальности немецкий язык. После его окончания, с 1957 года по 1974 год, работал в этом же институте. В 1974 году был назначен проректором Казахского педагогического института имени Абая. В эти же года, благодаря упорству и целеустремленности, после окончания аспирантуры, успешно защитв диссертацию, получил степень кандидата филологических наук, затем степень доцента. С 1981 года по 1983 год - заведующий отделом Министерства образования Казахской ССР. В 1983 году был назначен ректором Актюбинского педагогического института. За период своей жизни с 1983 по 1995 годы Мухтар Арын неустанно трудился на благо народа и, как общественный деятель, внес огромный вклад не только в повышение статуса высшего учебного заведения этого региона, но и в организацию общества «Қазақ тілі» (1989) вместе академиком Абдуали Кайдаровым, Омирзаком Айтпаевым (член-корреспондент Академии наук). Также он стал инициатором присвоения Актюбинскому педагогическому институту имени Кудайбергена Жубанова, возродил в народной памяти имена исторических личностей этого региона – Тама Есет Батыра, знаменитого кюйши Казангапа. Внес вклад в создание школ по обучению на национальном языке. Одна из открытых им школ, в селе Каргалинское города Актобе, в настоящее время носит его имя. Стал организатором музея «Развитие системы образования на территории Актюбинской области» и музея Абая. Благодаря его инициативе была организована республиканская научно-теоретическая конференция, посвященная 90-летию первого казахского профессора, языковеда К.Жубанова и стали проводиться ежегодные традиционные «Жубановские чтения». Внес большой вклад в исследование жизни и произведений Айтекеби. В эти же годы написал множество научных трудов, очерков, статей, которые публиковались в СМИ, научно-публицистических изданиях -«Отбасы – ұлт рухының айнасы», «Тәрбие деген тәңір бар», «Жаңа кезеңге - жаңа көзқарас», «Маман даярлау – мәртебелі іс», «Наурыздан Наурызға дейін», «Бата», «Қазақ халқының би статусы», «Абай тағлымы», «Ұлт тағдыры тәлкекке көнбейді» и многие другие. Одновременно работал над своим фундаментальным трудом «Бес анық» - «Пять истин». Всей душой он переживал за будущее своего народа, которое невозможно оторвать от исторического прошлого. И именно с целью восстановления и освещения пробелов исторического прошлого казахского народа Мухтар Арын в 1995 году организовал экспедицию по историческим местам Казахстана. К великому сожаленью, во время этой экспедиции, 10 сентября 1995 года его жизнь оборвалась. По завещанию, которое он при жизни оставил своим сыновьям Ерлану и Нурлану, был похоронен в родном ауле Бакалы Сарканского района Алматинской области.

В 1996 году вышла книга «Бес анық», написанная профессором М.Г.Арыном на основе национальной философии, дидактических, этнографических и этнолингвистических документов. Эта книга, по словам самого автора, -философские размышления о самых главных понятиях, являющихся источником особенного национального сознания, о понятиях, которые должны являться самым основным фундаментом в деле воспитания подрастающего поколения. Это – Язык нации, Религия, Традиции, История и Родина (Отчизна).

Книга «Бес анық» содержит системный анализ автором пяти очевидных, для каждого гражданина своей страны, истин, пяти ценностей,которые определяют лицо нации, позволяют познать духовное содержание этой нации. Также они являются фундаментом национального самосознания, средством возвращения подрастающего поколения к национальным истокам, что очень актуально на сегодняшний день в деле воспитания молодежи.

Итак, на первом месте стоит Язык. Язык-это душа, это самое первое богатство нации. Мухтар Арын в своей книге «Бес анық» дает пояснение объясняет языку как сакральному понятию и говорит о том, что его основной функцией является передача духовного достояния нации из поколения в поколение. Также автор высказывает мнение о преимуществах обучения детей в школе на родном языке:

«...Дети (имеется в виду дети казахи), окончившие русскую школу, никогда не почувствуют глубочайшей тайны языка, называемой духом нации. Они должны быть только казахами, чтобы понять древние казахские сказки, жыраубатыров, произведения Сыпыра жырау, Казтугана, Асан кайгы, Махамбета, Абая, Ауэзова и его «Путь Абая». Мало просто выучить казахский язык. Нужно впитать в себя его казахскую психологию, почувствовать, что происходит в его душе. Без этого у ребенка никогда не будет осознания национального чувства.»Это очень ценный вывод, который в настоящее время должен присутствовать в вопросе внедрения языковых реформ в школьной учебной программе. Автор поддерживает передачу знаний ребенку до 12-13 лет на родном языке, как предлагал и Ахмет Байтурсынулы. Именно в этом возрасте происходит становление национального осознания ребенком самого себя, это самый лучший период для воспитания ребенка в национальном духе. Если ребенок через родной язык познает психологию, бытие нации, то в будущем он станет настоящим гражданином, преданным своему народу.Рассматривая судьбу языка и нации как неотделимые друг от друга понятия, Мухтар Арын в своем труде отметил, что от состояния языка зависит светлое будущее нации: «...современное состояние языка нельзя назвать удовлетворительным. Когда мы говорим о цивилизованности, о культуре нации, видим, что она напрямую связана с культурой языка. А языковая культура-это то, что язык должен охватывать все стороны общественной и личной жизни каждого представителя этой нации, он должен быть самыми читаемым, самым одухотворенным языком. И нельзя ограничиваться его применением только в семейном кругу, потому что этого будет мало для утверждения нации, как носителя этого языка». Настоящие патриоты нации, проявляющие заботу о ее будущем, всегда будут расширять поле действия и использования нашего языка во всех сферах жизнедеятельности, будут продвигать идею превращения казахского языка в язык науки и техники.

Вторая истина - Религия. История становления нашей нации напрямую связана с религией ислама. Содержание национальных традиций и обычаев также связано с исламскими ценностями. Автор ставит религию на второе место потому, что в нашей религии много ценного, что побуждает человека к добру, чистоте, справедливости, воспитывает трудолюбие и честность, выдвигает человеческие идеалы. Если в воспитании потомков каждая семья будет пользоваться великими принципами ислама, то обязательно в каждой семье вырастет поколение, сердце которого будет наполнено добротой, милосердием и чистотой.При этом большое значение имеет следующее мнение Мухтара Арына о вере в Аллаха: «...в целом, Аллах – это вопрос сердца каждого из нас. Нужно верить в честь человека, в его совесть. Вера в Аллаха становится все сильнее и появляется ощущение, что это общая вера для всего человечества: вера в будущее, вера в определенные качества человека, вера в человека, вера ребенка в отца, вера отца в ребенка. В межчеловеческой повседневной жизни вера-это сила, которая дает человеку энергию. Это то, что нужно и для того, чтобы отличить человека от человека, религия сближает людей, раскрывает душу человека, вселяет веру в лучшее.т в плохое. Поэтому вера-это сила. Сила религиизаключается в воспитании в человеке чувства веры».

Третья истина - Традиция. У каждой нации есть традиции, которые отличают этот народ от других народов. И у казахского народа они имеют глубокие корни, уходящие к нашим древним предкам. Традиции, по мнению ученого, являются своеобразным паспортом, который не только отличает этот народ от других, но и способствует сохранению родовых качеств, особеннных реалий нации. В традициях отражена целостность нашей нации. Это общенародное явление и оно связано с социальным, психологическим, культурным, другим бытовым, мировоззренческим состоянием его носителя. Традиции подчеркивают постоянство народа и отличаются своей устойчивостью.Она передается из поколения в поколение. Содержание традиций и обычаев нации основывается на нравственности, гуманности, уважении и трезвости взглядов на окружающий нас мир. У каждой нации есть свои правила, которые она разработала в зависимости от своих психологических, мировоззренческих, социальных условий. Человек, придерживающийся своих национальных обычаев – глубоко культурный и духовно богатый.

Четвертая истина - История. Каждый ребенок должен знать историю родной страны. История - важнейшее средство воспитания, предоставляющее достоверную информацию о прошлом народа, нации. О пользе познания истории автор пишет следующее: «...с моей точки зрения, познать историю нации – это значит познать самого себя. ... Каждый человек должен ощущать себя частью этой истории.» Только тогда он почувствует, что он, как птица, нашедшая свое гнездо, находится на своей земле, в своей стране, в своей огромной исторической, общественной среде. Только тогда он может считать себя полноценным человеком. Автор предлагает с особой тщательностью подойти к проблеме написания национальной истории, потому что история должна служить формированию национального сознания. Только в том случае, если исторические данные будут воссоздаваться достоверно и будут представлены в книгах с качественным содержанием, мы будем уверены в целостности нашего народа, нашей национальной системы мышления. Учитывая такие сложные вопросы, переписывание истории станет одной из фундаментальных вещей в укреплении нашей независимости.

Пятая истина - это Атамекен, иначе говоря, Родина, Отчизна. Народ считал родную землю священным понятием. Об этом Мухтар Арын говорил так: «...В целом, казахский народ всегда очень внимательно относился к вопросу о родной земле. Слово "Атамекен" говорит о том, что эта земля, доставшаяся от предков. У казахского народа есть выражение: «Кіндік қаным тамған жер», что, буквально, означает «земля, на которую капнула кровь после перерезания пуповины». Это говорит о глубоком чувстве любви к этой земле, об исторической привязанности к ней. В понимании автора, каждый ребенок нашей Родины должен любить свою родную землю. Эта идея сегодня становится особенно актуальной. Как нам известно, одно из главных направлений программы «Рухани жаңғыру» связано с понятием родной земли. Поэтому следует обратить внимание на вывод Мухтара Арына: «когда мы говорили о четвертой истине - Истории, мы отдельно разобрали и подчеркнули вопрос рассмотрения этого вопроса в национальном масштабе. Национальное самосознание подрастающего поколения будет тем выше, чем выше они будут ценить понятие «Атамекен» - Земля предков.В заключение хочу отметить, что книга Мухтара Арына «Бес анық" - это огромный труд, призванный прославить самые ценные очевидные истины нации. Воспитательное значение книги неоспоримо. Она написана доступным для любого читателя языком, легким, понятным для любого возраста. Эта книга должна присутствовать в библиотеке каждой школы, потому что может быть использована как источник патриотического воспитания подрастающего поколения, которое будет любить свою нацию, верно служить своему народу.

**Бейбитгуль ЖУНИСБЕКОВА,**
**учитель русского языка и литературы**
**СЛОД № 24 имени Мухтара Арына.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚУ ОРНЫ

# БЕС ЖЫЛДАҒЫ БЕЛЕС

**ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КАФЕДРАЛАРЫ МЕН ФАКУЛЬТЕТТЕРІ АРАСЫНДА ОТАН ҚОРҒАУШЫ МАМАНДЫҒЫН БЕРЕТІН ӘСКЕРИ КАФЕДРАСЫ ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАДЫ. БИЫЛ АТАЛМЫШ КАФЕДРАҒА БЕС ЖЫЛ ТОЛДЫ.**

Осы жылдар ішінде үлкен жетістіктерге жетіп, жас ұрпақтың жанына патриоттық сезімін ұялатып келеді. Әскери кафедра құрылған жылдан бастап 351 оқушы әскери дайындықтан өтті. 252 студетке «запастағы лейтенант» әскери офицерлік атағы берілді. Ал, 2021 жылға 109 студетке «запастағы лейтенант» әскери атағы берілу жоспарлануда. Жылдан-жылға студенттердің арасында әскери кафедраға қызығушылық артып келеді. Әскери кафедраға өтінім берушілердің де саны артты. Бұл – азаматтар арасында патриоттық сананың қалыптасып келетінінің айқын көрінісі.

Әскери кафедрада Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі айқындайтын қабылдау жоспарына сәйкес алатын жоғары кәсіптік білім негізінде запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери даярлау ұйымдастырылады және жүзеге асырылады. Жетісу университетінің әскери кафедрасы өз алдында әскери есепке алу мамандығы бойынша запастағы офицерлер бағдарламасына сәйкес әскери дайындық жасау, әскери-патриоттық және идеологиялық жұмыс жүргізу, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің имиджін және әскери мамандықтың беделін жақсарту бойынша ақпараттық-имидждік жұмыс және қоғаммен байланыс жасау, моральдік-психологиялық қасиеттерді қалыптастыру, дамыту және қолдау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру іспеттес міндеттерді атқарып келеді. Әскери кафедрада үнемі тәрбие және әскери-патриоттық жұмыстар жүргізіледі. Ол студенттердің Отанды қорғау жөніндегі Конституциялық борышын орындау үшін қажетті жоғары моральдық, кәсіби-жауынгерлік және психологиялық қасиеттерді, ұйымдастырушылық пен тәртіптілікті қалыптастыруға бағытталған. Әскери кафедраның оқытушы құрамы өзінің кәсіби және моральдық-іскерлік қасиеттері бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындауға, оқу және тәрбие жұмысын жүргізуге және басшылық құжаттардың талаптарына сәйкес, әскери даярлық бағдарламасын толық көлемде орындап келеді. Жетісу университетінің әскери кафедрасында болашақ офицерлерді даярлау сапасына әрдайым үлкен көңіл бөлінеді, оқу-материалдық база жетілдірілуде, электрондыесептеу техникасы кеңінен енгізілуде, оқытудың озық әдістері пайдаланылуда. Болашақ Отан қорғаушыларды сапалы даярлау үшін әскери кафедраға студенттерді конкурстық қабылдау жүзеге асырылады, бұл болашақ офицерлердің кәсіби дайындық деңгейін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Және де әскери кафедра Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне және Отан қорғаушылар күніне арналған гарнизонның әскери бөлімдерінің барлық шеруіне, Ауғанстаннан кеңес әскерлерінің шығарылған күніне арналған гүл шоқтарын қою және гарнизондық іс-шаралардың барлығына қатысып аталған мерекелерге өз үлесін қосады. Жалпы әскери кафедра студенттері жайлы айтатын болсақ, олар әскери кафедрада алған білім мен тәжірибесін болашақ өмірлерін аталған құрылыммен байланыстырып қолдана алады.

«Білімді жастар – жарқын болашақ кепілі» демекші, әскери кафедра өз білімгерлерінің бойына ақыл мен парасатты, еліне деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін ұялатып, білім нәрін сусындатады. Әскери кафедра түлектерінің көбісі мемлекеттік органдарға қызметке орналасуда. Мансаптық беделі көтеріліп, алдыңғы қатарлы маман атанып жатыр. Бұл көрсеткіштер әскери кафедраның, университетіміздің беделін көтеретін, адал еңбегінің арқасы екені сөзсіз.

Әскери кафедраның артықшылықтарын айтсақ, Әскери-техникалық және өзге де әскери мамандықтарға оқыту үшін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі кафедраны қару жарақ, әскери техника және әскери техникалық мүлікпен қамтамасыз етіп отыр. Кафедра студенттері оқу барысында ғылыми-әдістемелік ресурстармен және де практикаға керекті әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етілген. Оқытушы құрамның студенттерге іскерлік тәжірибесімен бөлісуі, теориялық білімді практикамен бекіту, түлектеріміздің болашақта өмірлерін әскери іспен байланыстыруына теңдесі жоқ үлесі бар. Әскери кафедра түлектері бүгінде Қазақстан Республикасы Қарулы күштері бөлімшелерінің командирлері болып табылады және мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту бойынша өздеріне жүктелген жауапты міндеттерді абыроймен орындап келеді. Тағы бір артықшылығын айтсақ, бұл – әскери оқу-жаттығу жиыны, студенттердің оқу-жаттығу жиыны әскери дайындықтың соңғы кезеңі болып табылады. Оқу-жаттығу жиыны әскери бөлімнің оқу материалдық-техникалық базасын пайдалана отырып әскери даярлықтың теориялық курсын зерделеу кезінде игерілген студенттердің командалық, әдістемелік дағдыларын практикалық оқыту және жетілдіру мақсатында өткізіледі. Оқу-жаттығу жиынында студенттер екі жыл мерзімде әскери кафедрада алған білімдерін практикалық тұрғыда пайдаланып, өз білімдерін шыңдайды. Бұл болашақ офицерлердің әскери өмірді танып білудің бастамасы болып саналады.

Егемен еліміздің болашағы ер мінезді, ержүрек ұрпағымыздың қолында. Әскери кафедраның жүрегінде жалыны бар патриот жастарды тәрбиелеуіндегі алатын орны өте зор. І.Жансүгіров атындағы ЖУ-ң әскери кафедрасы дәл осындай жастарды тәрбиелеп келеді.

**Қ. БАЙБАТЧАЕВ,**
**Жетісу университеті әскери кафедрасының аға оқытушысы, запастағы полковник.**

БІЛІМ

# БАЛАНЫҢ ОҚУҒА ЫНТАСЫН АРТТЫРУ

**Технология қалай қарыштаса білімге деген талап та түбегейлі өзгерді. Сондықтан да, жас ұрпақ біріншіден ақылды, екіншіден білімді болуы керек.**

Еркін елдің білімді де білікті ұрпағын тәрбиелеу әрине, бірінші отбасындағы ата-анаға, екінші мектептің жүрегі саналған ұлағатты ұстаздарға артылған зор жауапкершілік. Осынау жауапты мамандықты иеленгендіктен, біз үнемі оқушыларымыздың тәртіпті, білімді болуына көңіл бөлуге міндеттіміз. Әсіресе, қазіргідей жаңа ақпараттық технологияның қарыштап дамыған шағында баланың бар ынта-жігерін, ықыласын білімге бұру дегеніңіз де үлкен жұмысты талап етеді. Ол үшін әрине, мұғалімнің шеберлігі аса маңызды екенін ұмытпағанымыз жөн. Оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыру үшін ең алдымен әр балаға жеке тұлға деп көңіл бөлу аса маңызды. Өйткені, әр баланың зейіні мен білім деңгейі әртүрлі. Сол үшін әр баланы деңгейлеп оқытудың берері мол. Сонымен қоса сабақты жаңа әдістермен оқыту да жемісті болмақ. Мысалы, мұғалім мектеп оқушыларының оқу барысында қажеттіліктерін, қызығушылықтарын мен ұмтылыстарын ескергені жөн. Мектеп жасындағы балаларды ең мықты ынталандыру – «Қолыңнан келеді!» деген бір ауыз сөз десем артық болмас. Оқушыны ынталандырып, қызықтырып, қызығушылығын арттырып білім бермесе оқытуда еш мән қалмайтыны анық. Баланың аз ғана жетістігін таудай етіп бағалау да баланың оқуға деген ынтасын арттырады. Баланың өз-өзіне, өз күшіне деген сенімінің артуы оның ішкі ынтасының күшеюіне ықпал етеді. Сонымен қатар, баланың жетістіктерін үнемі айтып отыру да аса маңызды. Оның жетістіктерін бағалау оқытуда жалғастыруға көмектеседі. Мысалы, қол жеткізген табыстарының тізімі оның жеке дара тұлға болып қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Оқушының білмегенін бетіне басып, басқа оқушылармен салыстырып, сәл ғана жіберген сәтсіздігі үшін жазалаудың керегі жоқ. Себебі сәтсіздіктің өзі – жаза екенін ұмытпағанымыз жөн. Үнемі балаға қысым көрсету мен үрей оқыту процесін қиындата түседі. Сәтсіздіктер баланың оқуға деген ынтасын азайтады. Қандай тақырып болсадағы мұғалім оны оқушыға қызықты етіп, дұрыс ұсынып, оқытудың әдістері мен тәсілдерін жиі өзгертіп, «кері» байланыс орнатып, түсінбегенін түсіндіріп, қате түсінгенін түзетіп отырса, оқушының алар асуы биік болмақ. Сабақ түсіндіру барысында міндетті түрде ойын түрін қолдануды әдісін де ұмытпау қажет. Ойын – қоршаған ортаға деген қызығушылықты күшейтетін қуатты құрал. Ойынмен ынталандыру орта мектеп оқушылары үшін әсіресе тиімді. Әр жастағы бала ойыннан өзіне керегін табады, тұтастай алғанда ойын әрекеті адам тұлғасының, оның ойлауы мен білімдерінің қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Бағалау, ризашылық білдіру, сөзбен мадақтаудың да пайдасы зор. Сондай-ақ, сабақ түсіндіру барысында қазақтың бай әрі шұрайлы тілін, мәнді де мағыналы мақал-мәтелін, жастарды жігерлендіретін қанатты сөздерін қолданып сөйлесеңіз оқушының ынтажігерінің артқанын байқайсыз. Ең бастысы – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын білімді де білікті жастарды тәрбиелеу, болашақ мамандарды оқыту, оларға түзу жол көрсету біздің басты мақсатымыз екенін ұмытпайық.

**Лаура СЕЙТОВА,**
**№2 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ

**Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан білім беруге арналған бірнеше платформа жүйелі жұмыс істеп келеді. Бұл платформалар – онлайн-оқуды ұйымдастыруға арналмаған. Оларда дайын бейнесабақтар, мультимедиялық ресурстар бар. Аталған интернет-платформалар барлық ғылымдар мен пәндер бойынша қажетті білімді алуға зор мүмкіндік береді. Ең бастысы – мұғалім оқушыларға дұрыс бағыт пен бағдарды айқындап берсе болғаны.**

# ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Жалпы, онлайн оқу форматы кезінде география сабағындағы пән аралық байланыс жақсы жүзеге асты дей аламын. Мұндай әдіс-тәсілді қолдану үшін оқу формасы маңызды емес. Сол себепті де, қашықтан оқу кезінде география сабағындағы пәнаралық байланыс жайында кеңінен тоқталғанды жөн санадым.

Алдымен, пәнаралық байланыс дегеніміз не екеніне тоталғым келеді. Пәнаралық байланыс – әртүрлі оқу пәндерін кіріктіре оқытудың үйлесімділігі. Яғни, пәнді түсінікті әрі қызықты етіп өткізуде бұл әдістің берер пайдасы ұшан-теңіз. Мұндағы басты мақсат – оқушылардың көкжиегін кеңейту. Сондықтан да өз басым география пәнінің мазмұны бойынша басқа да пәндермен өзара үйлестіре оқыту арқылы оқушылардың білім сапасының артқанына, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білулеріне ықпалын еткеніне, біртұтас әлемдік ойдың қалыптасқанына, ғылыми дүниетанымын кеңейгеніне тәжірибе барысында талай мәрте көз жеткіздім. Бұл әдіс-тәсілді де оқушылар өте жақсы қабылдайтындығына қуантады.

География пәнінің өзі табиғат пен қоғамдық құбылыстарды зерттейтін ғылым болғандықтан, ол жаратылыстану, гуманитарлық бағыттар мен негізгі пәндердің мәліметтеріне жиі сүйенеді. Сондықтан бұл пәнді әдебиет, ағылшын тілі, химия, биология, тарих пәндермен байланыстырып оқытуға болады. Бұл – оқушы білімін тереңдететіні сөзсіз.

Білім беру жүйесіндегі және мектеп мұғалімінің алдында тұрған жауапкершілігі мол міндеттердің бірі – оқушыға тиянақты білім беру. Сондықтан жаңашыл ұстаз әлеуметтік-саяси және жаңа технологиялық өзгерістер, тәрбие мен білім беру жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру үшін білім саласында жаңа, тиімді әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануға бар күш-жігерін аямауы тиіс. Ең бастысы ұстаз оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, оқу-білімге деген құштарлығын арттыру жолында тынымсыз еңбек етуі керек. Мысалы, география сабағын оқушыларға қызықты әрі түсінікті болуы үшін ойын түрінде ұйымдастырғанның жақсы нәтиже беретініне сенімді болғандықтан осы әдісті де жиі пайдаланып тұрамын. Қысқасы, мұғалім оқушымен сабақ барысында үздіксіз жұмыс істеп, оқушының сабақ барысындағы рөлін арттырған жағдайда ғана оқушының дарындылық қабілеті шыңдала түсетіні анық.

**Аида ТҰРСЫНБЕКОВА,**
**Б. Сырттанұлы атындағы №25 орта мектептің география пәні мұғалімі.**
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

**1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ**

# ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН

*«Бала – бауыр етің» деген қазақта жақсы сөз бар. Дүние есігін ашқан әрбір бүлдіршін ата-анасының ғана көз қуанышы емес, ол елінің ертеңгі ту ұстар азаматы.*

*Жадыраған жаздың алғашқы күніндегі мейрамның бірі – Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл күнді балалар асыға күтеді. Себебі, осы күні балаларға арналған қызықты да көңілді іс-шаралар ұйымдастырылады.*

*Мерекеге орай, біздің редакция балаларға базарлық ретінде ертегілер топтамасын ұсынуды жөн көрді.*



## Үш аю



Ертеде қалың тоғай ішіндегі үлкен бір үңгірде үш аю тұрыпты. Олар түнімен тоғайды аралап, күн ысыған кезде үңгірге кіріп жатады екен. Ең ірісі және мықтысы ақ төс аю болыпты. Қазандай тасты допша домалатып ойнайды екен. Күштілігіне мақтанып, кішкене аңдарға маза бермепті. Бір күні түлкі мен қасқырды ұстап алып әлім жеттік көрсетіпті. Сонда қасындағы екі аю:

- Қойсаңшы, әлсіздерге күш көрсеткенің жақсы әдет емес, - дейді. Сонда ақ төс аю:

- Олар мені сыйлап жүремін десе ғана босатамын, – деп кекетіп қыса түседі. Жандары қиналған түлкі мен қасқыр; - Ағатай жіберіңізші, сыйлап жүретін боламыз, – деп өтінеді. Аю оларды жіберіп, өзінің бұл әрекетіне әбден риза болған күйі тоғайды жалғыз аралауға кетеді. Кешке таяю алдынан бір топ қасқыр шығып таламақшы болады. Зәресі ұшқан аю әрең қашып құтылады. Алдынан түлкі шығып жағдай сұрап, жаны ашығандай болып, былай жүріңіз деп жол көрсетеді. Оған сенген аю түлкінің соңынан ерем деп балшыққа күмп етіп құлап түседі. Сонда түлкі: — Сен ана жолы маған жазықсыз жәбір көрсетіп едің, сол үшін сазайыңды тартқыздым, — деп кетіп қалadыӨз ісіне ұялған ақ төс аю басын төмен салбыратып үңгірге келіп достарынан кешірім сұрайды. Сөйтіп ақ төс аю, күшті бола тұра әлсіздерге әлім жеттік жасау дұрыс емес екенін түсінген екен.

## Қасқыр мен түлкі



Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Олар балық аулап күндерін көреді екен. Бір күні шал шанасына аулаған балығын толтырып алып, сүйрей алмай келе жатады. Оны көрген түлкі, жолына өтірік өлген болып жата қалады. Түлкіні көрген шал;- оо, мына түлкіден шапанға жаға жасауға болады ғой, - деп ойлайды. Тегін олжаға кенелген шал, түлкіні балық артқан шанасына салып алады. Осыны күткен қу түлкі шалға білдірмей бір-бірлеп балықтарды лақтырып отырады. Балықтар таусылғасын өзіде түсіп қалады. Бұны сезбеген шал үйіне жете сала, айқайлап кемпірінен сүйінші сұрайды. -Әй, шық бері. Мен саған қырдың қызыл түлкісін әкелдім. Әдемі жаға жасап аласың. Енді тоңбайсың, - дейді де бұрылып шанасына қараса балық та, түлкі де жоқ екенін көреді. Шал кемпірінен әбден ұялады. Ал қу түлкі, балықтарды бір төбе қылып жиып алып, рахаттана жеп отырады. Оны көріп, аш қасқыр келеді. -Айналайын, түлкі жан, ашыққаннан әлім құрып әрең келемін, маған да берсеңші, - дейді. Түлкі құлығына басып: «балық жегің келсе, суатқа бар да құйрығыңды малып қойып, тапжылмай отыр. Таң атқанда құйрығыңды тартсаң болды, балыққа тоясың!» - дейді. Аңқау қасқыр суатқа келіп қарайды. Жүзіп жүрген балықтарды көріп, көп олжаға кенелетін болдым деп ойлайды. Сосын ойланбастан құйрығын малып отыра береді.Біраздан кейін оның құйрығы қатып шымырлай бастайды. Аңқау қасқыр бұл тістеп жатқан балық болар, үркітіп алмайын деп отыра береді. Ертеңінде таң ата суатқа жылқыларын суаруға жылқышы келеді. Жылқышыны көрген қасқыр қашпақ болады. Бірақ қатып қалған құйрығы оны орнынан жібермейді. Сөйтіп қу түлкі балықшыны да, қасқырды да алдап соғыпты. Не істесеңде ойланып істе, ойланбай іс қылсаң жазым боласың деген сөз осыдан қалыпты.

## Қорқақ қоян



Ертеде орманда қайырымды қоян өмір сүріпті. Қоян кішкентай аңдарға көмектеседі. Аңдардың жоғалтқан заттарын тауып әкеп береді. Себебі, қоян иісшіл, дыбысты жақсы сезеді. Барлық аңдар қоянды жақсы көреді. Бір күні қоян орман ішінде жүгіре-жүгіре, секіре-секіре шаршап қалады. Ол өзінің қарны қатты ашығанын сезеді. Қолына дорбасын ұстап, бақшаға келеді. Қоян сәбіздің иісін тез сезеді. Өйткені қоян сәбізді жақсы көреді. Қызыл сәбіздерді суырып, асықпай дорбасына салады. Осы кезде бақшаны суарып жүрген бағбан ата қоянды байқап қалады. Ақырын келіп, қоянның дорбасына қырыққабат салады. Бағбан ата жасырынып қалады. Тықыр еткен дыбысты естіген қоян қорқып кетеді. Жан-жағына қарамайды. Қолына дорбасын алып, орманға қарай қаша жөнеледі. Осы күннен бастап, ол қорқақ қоянға айналады.

## Қасық пен айыр

Ертеде Қасық пен Айыр өмір сүріпті. Қасық өте ерке, мақтаншақ, ал Айыр өте салмақты да ақылды болыпты. Бір күні Қасық Айырды қонаққа шақырыпты. Ол Айырдың сорпа іше алмайтынын біліп, әдейі сорпа дайындаған екен.

- Мен сұйықты да, қоюды да, тіпті шайды да іше аламын,- депті Қасық. Қарны ашып келген Айыр:



- Сен мені қонаққа шақырған соң, үйімнен нәр татпай келген едім, жақсы, ендеше мен жүрейін деп, ренжімегенін айтады. Ертеңгісін Қасыққа сен маған қонаққа кел деген екен. Ол досына дәмді етіп лағман дайындапты. Қасық досының мырзалығын көріп, шын көңілмен дайындаған дастарханға толы тамаққа көзі түсіп, қатты ұялған екен. Тіпті тамақты жеуге ар-ұяты бармапты. Айыр:

-Еее, достым, мен білемін неге тамақ ішпей отырғаныңды, ал ұялма, мен саған түк те реніш жоқ, екеуіміз нағыз достар емеспіз бе, күнде бір-бірімізді көреміз, сырымызбен шүйіркелесеміз, нағыз достар бір-біріне ренжімеу керек,- деген екен. Содан соң өзінің қателігін түсінген Қасық досынан кешірім сұрап, оған достық қолын беріпті. Осы күнге дейін екеуі бірге жүреді екен.

**Ертегілер «Balalaralemi.kz» сайтынан алынды.**

Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: А. ӘСКЕРБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 550

Индекс 15534